

"Пестицидтердің (улы химикаттардың) тіркеу, өндірістік сынақтарын жүргізу және мемлекеттік тіркеу қағидаларын бекіту туралы" Қазақстан Республикасы Ауыл шаруашылығы министрінің 2015 жылғы 30 қаңтардағы № 4-4/61 бұйрығына өзгерістер енгізу туралы

Қазақстан Республикасы Ауыл шаруашылығы министрінің 2020 жылғы 17 сәуірдегі № 130 бұйрығы. Қазақстан Республикасының Әділет министрлігінде 2020 жылғы 23 сәуірде № 20465 болып тіркелді

З Қ А И - н ы ң е с к е р т п е с і !

Осы бұйрықтың қолданысқа енгізілу тәртібін 4 т. қараңыз

БҰЙЫРАМЫН:

"Пестицидтердің (улы химикаттардың) тіркеу, өндірістік сынақтарын жүргізу және мемлекеттік тіркеу қағидаларын бекіту туралы" Қазақстан Республикасы Ауыл шаруашылығы министрінің 2015 жылғы 30 қаңтардағы № 4-4/61 бұйрығына (Нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу тізілімінде № 11687 болып тіркелген, 2015 жылғы 9 қыркүйекте "Әділет" ақпараттық-құқықтық жүйесінде жарияланған) мынадай өзгерістер енгізілсін:

кіріспесі мынадай редакцияда жазылсын:

"Өсімдіктерді қорғау туралы" 2002 жылғы 3 шілдедегі Қазақстан Республикасы Заңының 6-бабы 1-тармағының 7) тармақшасына және 19-2-бабының 2-тармағына, " Рұқсаттар және хабарламалар туралы" 2014 жылғы 16 мамырдағы Қазақстан Республикасы Заңының 12-бабы 1-тармағының 4) тармақшасына және "Мемлекеттік қызметтер туралы" 2013 жылғы 15 сәуірдегі Қазақстан Республикасының Заңының 10-бабы 1) тармақшасына сәйкес **БҰЙЫРАМЫН:"**;

тақырыбы мынадай редакцияда жазылсын:

"Пестицидтерді тіркеу (ұсақмөлдекті және өндірістік) сынақтарынан өткізу және мемлекеттік тіркеу қағидаларын бекіту туралы";

1-тармақ мынадай редакцияда жазылсын:

"1. Қоса беріліп отырған Пестицидтерді тіркеу (ұсақмөлдекті және өндірістік) сынақтарынан өткізу және мемлекеттік тіркеу қағидалары бекітілсін.";

көрсетілген бұйрықпен бекітілген Пестицидтердің (улы химикаттардың) тіркеу, өндірістік сынақтарын жүргізу және мемлекеттік тіркеу қағидалары осы бұйрыққа қосымшаға сәйкес жаңа редакцияда жазылсын.

2. Қазақстан Республикасы Ауыл шаруашылығы министрлігінің Ветеринариялық, фитосанитариялық және тамақ қауіпсіздігі департаменті заңнамада белгіленген тәртіппен:

1) осы бұйрықтың Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінде мемлекеттік тіркелуін;

2) осы бұйрық ресми жарияланғаннан кейін оның Қазақстан Республикасы Ауыл шаруашылығы министрлігінің интернет-ресурсында орналастырылуын қамтамасыз етсін.

3. Осы бұйрықтың орындалуын бақылау жетекшілік ететін Қазақстан Республикасының Ауыл шаруашылығы вице-министріне жүктелсін.

4. Осы бұйрық алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік жиырма бір күн өткен соң қолданысқа енгізіледі.

Қазақстан Республикасының
Ауыл шаруашылығы министрі

С. Омаров

"КЕЛІСІЛДІ"

Қазақстан Республикасы

Денсаулық сақтау

министрлігі

"КЕЛІСІЛДІ"

Қазақстан Республикасы

Ұлттық экономика министрлігі

"КЕЛІСІЛДІ"

Қазақстан Республикасы

Цифрлық даму, инновациялар және

аэроғарыш өнеркәсібі министрлігі

"КЕЛІСІЛДІ"

Қазақстан Республикасы Экология,

геология және табиғи ресурстар министрлігі

Қазақстан Республикасы
Ауыл шаруашылығы
министрінің
2020 жылғы 17 сәуірдегі № 130
бұйрығына қосымша
Қазақстан Республикасы
Ауыл шаруашылығы
министрінің
2015 жылғы 30 қаңтардағы
№ 4-4/61 бұйрығымен
бекітілген

Пестицидтерді тіркеу (ұсақмөлдекті және өндірістік) сынақтарынан өткізу және мемлекеттік тіркеу қағидалары

1-тарау. Жалпы ережелер

1. Осы Пестицидтерді тіркеу (ұсақмөлдекті және өндірістік) сынақтарынан өткізу және мемлекеттік тіркеу қағидалары (бұдан әрі - Қағидалар) "Өсімдіктерді қорғау туралы" 2002 жылғы 3 шілдедегі (бұдан әрі - Заң), "Рұқсаттар және хабарламалар туралы" (бұдан әрі - Рұқсаттар және хабарламалар туралы заң) 2014 жылғы 16 мамырдағы және Мемлекеттік қызметтер туралы (бұдан әрі - Мемлекеттік қызметтер туралы заң) 2013 жылғы 15 сәуірдегі Қазақстан Республикасының Заңдарына сәйкес әзірленді және пестицидтерді тіркеу (ұсақмөлдекті және өндірістік) сынақтарынан өткізу және мемлекеттік тіркеу тәртібін айқындайды.

2. Осы Қағидаларда мынадай негізгі ұғымдар пайдаланылады:

1) әсер етуші зат - әртүрлі препараттық нысандар түрінде пайдалану зиянды организмге, аса қауіпті зиянды организмге, карантиндік объектіге, бөтенекті түрге немесе өсімдіктердің өсуі мен дамуына уытты әсер етуге әкелетін пестицидтің биологиялық белсенді бөлігі;

2) вегетациялық кезең (өсіп-өну маусымы) - нақты ауыл шаруашылығы дақылының егілгеннен бастап пісіп-жетілгенгенге дейінгі кезең;

3) жалпы қабылданған атау - пестицидтің әсер етуші затына стандарттау жөніндегі халықаралық ұйым берген немесе техникалық реттеу және метрология саласындағы уәкілетті орган туыстық (топтық) немесе жекелік (тек белгілі бір әсер етуші затқа) атау ретінде қолдануға қабылдаған атау;

4) қайта тіркеу - пестицидке берілетін тіркеу куәлігінің қолданылу мерзімі өткен соң қосымша сынақтардан өткізбестен пестицидті қайтадан мемлекеттік тіркеу;

5) құрамдастырылған пестицид - құрамында екі және одан да көп әсер етуші заты бар препарат;

б) мемлекеттік көрсетілетін қызмет стандарты - қызмет көрсету процесінің сипаттамаларын, нысанын, мазмұны мен нәтижесін, сондай-ақ мемлекеттік қызмет көрсету ерекшеліктері ескеріле отырып, өзге де мәліметтерді қамтитын мемлекеттік қызмет көрсетуге қойылатын негізгі талаптар тізбесі;

7) орындаушы ұйым - пестицидтердің биологиялық, шаруашылық тиімділіктерін бағалауды жүзеге асыратын, бұл үшін қажетті ғылыми-әдістемелік және материалдық-техникалық қамтылымы, тиісті бейіндегі және білікті мамандары, "Ғылыми және (немесе) ғылыми-техникалық қызмет субъектілерін аккредиттеу қағидасын бекіту туралы" Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2011 жылғы 8 маусымдағы № 645 қаулысына сәйкес аккредитациясы бар ғылыми-зерттеу және ғылыми-өндірістік ұйымдар, сондай-ақ, пестицидтерді талдау әдістерін әзірлеуді, токсикологиялық бағалауды, бейімдеуді және байқаудан өткізуді, олардың қалдық мөлшерлерін зерттеуді жүзеге асыратын "Сәйкестікті бағалау саласындағы аккредиттеу туралы" 2008 жылғы 5 шілдедегі Қазақстан Республикасының Заңына сәйкес аккредитациясы бар ұйымдардың зертханалары;

8) пестицидтің айрықша (саудалық) атауы - аталған пестицид тіркеу (ұсақмөлдекті және өндірістік) сынағынан өтетін, тіркелетін, заттаңбаланатын, жарнамаланатын және өнімді басқа пестицидтерден айрықша ету мақсатында оны тіркелуші (өтінім беруші) ғана пайдалана алатын атау;

9) пестицидке арналған қысқаша дерекнама - пестицидтің биологиялық, физикалық-химиялық және токсикологиялық қасиеттері туралы мәліметтер;

10) пестицидтерді қолдану регламенті - пестицидтің шығыс нормасы, дақыл, өңделетін объекті, зиянды организм, аса қауіпті зиянды организм, карантиндік объект, өңдеу тәсілі, уақыты, шектеу, жұмыс сұйығының шығысы, соңғы өңдеу мерзімі, пестицидтермен өңдеудің ең көп өңдеу еселігі туралы ақпараттарды қамтитын пестицидтерді қолдану шарттары мен тәртібіне қойылатын талаптар;

11) пестицидтерді тіркеу (ұсақмөлдекті және өндірістік) сынақтары - ұсақмөлдекті тәжірибелерде және өндірістік жағдайларда жүзеге асырылатын, пестицидтерді биологиялық, шаруашылық, уыттылық, гигиеналық және экологиялық бағалауды қамтитын, осы Қағидаларға сәйкес пестицидтерді пайдалану тиімділігі мен қауіпсіздігін растау рәсімі;

12) пестицидтерді токсикологиялық бағалау - сыналып жатқан пестицидтерді қауіпсіздік көрсеткіштері (өнімдегі, қоршаған орта объектілеріндегі қалдық мөлшері және олардың бекітілген нормативтерге сәйкестігі) бойынша бағалау;

13) пестицидтердің қалдық мөлшері - оның көмегімен адам мен жануарлар үшін пестицидтің қауіпсіздігі бағаланатын өсімдік шаруашылығы өнімі мен қоршаған орта объектілеріндегі олардың құрамының сандық көрсеткіші;

14) пестицидтер тізіміне толықтырулар - жыл сайын қосымша тіркелетін және Қазақстан Республикасы аумағында өндіруге (формуляциялауға), әкелуге, сақтауға, тасымалдауға, өткізуге және қолдануға рұқсат етілген пестицидтердің тізіміне енгізілетін пестицидтер тізбесі;

15) пестицидтердің шығыс нормасы - өңделетін алаң бірлігіне пестицид массасы (гектарға/тоннаға/шаршы метрге килограмм немесе литр);

16) пестицид қауіптілігі - адамға және қоршаған ортаға қолайсыз әсер ету ықтималдығы;

17) пестицидті қолданудың биологиялық тиімділігі - зиянды организмдердің, аса қауіпті зиянды организмдердің, карантиндік объектілердің, бөтенекті түрлердің қырылу немесе санының азаю көрсеткіштерімен немесе қорғалатын өсімдіктердің зақымдану дәрежесімен көрсетілетін пестицидті қолдану нәтижесі;

18) пестицидтің препараттық нысаны - пестицидтің физикалық-химиялық қасиеттеріне, уыттылығына, мақсатына және қолдану тәсіліне қарай (эмульсия концентраты, суспензиялы концентрат, түйіршіктер, паста, микрокапсулаланған суспензия, дымқылданатын ұнтақ және (немесе) басқа да нысандар) оны қолдану нысаны;

19) пестицидтің тәжірибелік үлгісі - ұсақмөлдекті және өндірістік сынақтарды, сондай-ақ ғылыми зерттеулерді жүргізуге жеткілікті мөлшердегі, оларға арналған тіркелмеген пестицидтің үлгісі;

20) пестицидке берілетін тіркеу куәлігі - пестицидті Қазақстан Республикасының аумағына әкелуге, өндіруге (формуляциялауға), сақтауға, тасымалдауға, өткізуге және қолдануға рұқсат беретін құжат;

21) пестицидтердің тізімі - Қазақстан Республикасы аумағында өндіруге (формуляциялауға), әкелуге, сақтауға, тасымалдауға, өткізуге және қолдануға рұқсат етілген тіркелген пестицидтердің тізбесі;

22) пестицидтің тіркеу дерекнамасы - пестицидті тіркеуге ұсынылатын және оның тиімділігін, қауіпсіздігін және сапасын растайтын құпия деректері бар құжаттар жиынтығы;

23) пестицидті қолданудың шаруашылық тиімділігі - сақталған ауыл шаруашылығы өнімінің сан және сапа көрсеткіштерімен көрсетілген пестицидті танаптық жағдайда қолдану нәтижесі;

24) талдамалық стандарт - пестицидтің әсер етуші затының химиялық таза үлгісі;

25) тәуекел - пестицидті нақты қолдану жағдайындағы оның ықтимал қауіптілік дәрежесі;

26) тәуекелі төмен биологиялық препарат - биологиялық қауіптіліктің III-IV сыныбына жататын, жылықандылар мен аралар үшін уыттылығы аз препарат, онда әсер етуді бастаушылар микроорганизм немесе оның оның тіршілік ету өнімі (микроорганизмдер, бактериялар, саңырауқұлақтар, вирустар және тағы басқалары) болып табылады;

27) тіркелуші (өтініш беруші) - пестицидтерді тіркеу (ұсақмөлдекті және өндірістік) сынақтарынан өткізуге, сондай-ақ тіркеу куәлігін алу үшін пестицидтерді мемлекеттік тіркеуге өтініш берген жеке немесе заңды тұлға;

28) тіркеу процесі - пестицидтерді тіркеу (ұсақмөлдекті және өндірістік) сынақтарынан өткізу және мемлекеттік тіркеу тәртібі;

29) эталондық пестицид - фитосанитариялық қолдану және химиялық тобы бойынша сыналып жатқан пестицидке ұқсайтын, тіркелген пестицид.

3. Тіркеу процесі мыналарды қамтиды:

1) пестицидтерді тіркеу (ұсақмөлдекті және өндірістік) сынақтарынан өткізуге және мемлекеттік тіркеуге өтінімдер қабылдау;

2) пестицидтердің қалдық мөлшерін тіркеу (ұсақмөлдекті және өндірістік) сынақтарынан және токсикологиялық бағалаудан өткізуді ұйымдастыру;

3) орындаушы ұйымдардың пестицидтердің қалдық мөлшерін тіркеу (ұсақмөлдекті және өндірістік) сынақтарынан және токсикологиялық бағалаудан өткізуі;

4) пестицидтердің қалдық мөлшерлерінің мемлекеттік тіркеу (ұсақмөлдекті және өндірістік) сынақтары және токсикологиялық бағалау нәтижелері туралы есептерді қарау;

5) тіркелушінің (өтінім берушінің) тіркеу дерекнамасын қарау;

6) пестицидтерді мемлекеттік тіркеуді қоршаған ортаны қорғау саласындағы уәкілетті органмен және халықтың санитариялық-эпидемиологиялық саламаттылығы саласындағы мемлекеттік органмен (бұдан әрі - уәкілетті уәкілетті мемлекеттік органдар) келісу;

7) пестицидті мемлекеттік тіркеу;

8) пестицидке тіркеу куәлігін беру;

9) пестицидті осы Қағидаларға 1-қосымшаға сәйкес нысан бойынша пестицидтерді мемлекеттік тіркеуді есепке алу журналына, пестицидтер тізіміне және пестицидтер тізіміне толықтыруларға енгізу.

4. Пестицидтердің қалдық мөлшерлерін тіркеу (ұсақмөлдекті және өндірістік) сынақтарынан, токсикологиялық бағалаудан өткізуді және пестицидтерді мемлекеттік тіркеуді ұйымдастыруды өсімдіктерді қорғау саласындағы уәкілетті органның ведомствосы (бұдан әрі - Ведомство) Заңның 6-бабы 17) тармақшасына сәйкес жүргізеді.

5. Орындаушы ұйымдардың жыл сайын ағымдағы жылдың 1 ақпанына дейін Ведомствоға ұсынатын өтініш-хаттарының негізінде Ведомство орындаушы ұйымдардың тізбесін қалыптастырады.

2-тарау. Пестицидтерді тіркеу (ұсақмөлдекті) сынақтарынан өткізу тәртібі

6. Пестицидтер тіркеу (ұсақмөлдекті) сынақтарынан (бұдан әрі - (ұсақмөлдекті сынақтар) танаптық жағдайларда ұсақмөлдекті тәжірибелерде олардың биологиялық және шаруашылық тиімділігін және адамдардың денсаулығы мен қоршаған табиғи орта үшін қауіпсіздігін қамтамасыз ететін пестицидтерді қолдану регламенттерін әзірлеу мақсатында өткізіледі.

7. Пестицидтерді ұсақмөлдекті сынақтардан өткізуге арналған өтінімді тіркелуші (өтінім беруші) Ведомствоға осы Қағидаларға 2-қосымшаға сәйкес нысан бойынша қолма қол немесе почта арқылы ағымдағы жылғы 1 ақпанға дейін береді және онда сынақтарға ұсынылған пестицидті қолдану регламенттері қамтылады.

Биологиялық зат (тар) негізіндегі пестицидті ұсақмөлдекті сынақтардан өткізуге арналған өтінім биологиялық зат (тар) негізінде пестицидті тіркеу (өндірістік) сынақтарынан өткізуге арналған өтініммен бірге беріледі.

Өтінім әр пестицидке жеке толтырылады. Пестицид атауының белгіленген тәртіппен тіркелген пестицидтердің атауларынан ерекшеленуі қамтамасыз етілуі қажет,

атауының тек цифрлардан құрылуына және пестицидтің қасиеттері мен шығу тегіне қатысты жаңылдыруға жол берілмеуі тиіс.

8. Пестицидтерді ұсақмөлдекті сынақтардан өткізуге арналған өтінімге:

1) осы Қағидаларға 3-қосымшаға сәйкес нысан бойынша пестицидке қысқаша дерекнама;

2) өтінім берілген пестицидтердің өсімдік шаруашылығы өнімі мен қоршаған орта объектілеріндегі құрамының нормативтері;

3) өтінім берілген пестицидтердің өсімдік шаруашылығы өнімі мен қоршаған орта объектілеріндегі қалдық мөлшерлерін анықтау жөніндегі әдістемелік нұсқаулар;

4) пестицидті өндіруші елде пестицидті және оның әсер етуші заттарын өндіруге рұқсатты куәландыратын құжат;

5) уәкілетті мемлекеттік органдардың ұсақмөлдекті сынақтарға өтінім берілген пестицидтің әсер етуші затының немесе пестицидтің өзінің әкелуге тыйым салынған және 2001 жылғы 22 мамырдағы Орнықты органикалық ластағыштар туралы Стокгольм конвенциясының ("Еуразиялық экономикалық комиссия Алқасының 2015 жылғы 21 сәуірдегі № 30 шешіміне өзгерістер енгізу туралы" Еуразиялық экономикалық комиссия Алқасының 2015 жылғы 6 қазандағы № 131 шешімімен енгізілген) және (немесе) Қазақстан Республикасында қолдануға тыйым салынған әлеуетті қауіпті химиялық, биологиялық заттар тіркелімінің ("Халық денсаулығы және денсаулық сақтау жүйесі туралы" 2009 жылғы 18 қыркүйектегі Қазақстан Республикасы Кодексінің 7-1-бабының 14) тармақшасына сәйкес) (бұдан әрі - Тіркелім) сәйкесінше А және В қосымшаларының күші қолданылатын өсімдіктерді қорғау құралдарының және басқа да орнықты органикалық ластағыштардың тізбесіне (бұдан әрі - Тізбе) енгізілмегенін растайтын хаттары қоса беріледі.

9. Пестицидтерді ұсақмөлдекті сынақтардан өткізу үшін тіркелуші (өтінім беруші) орындаушы ұйымдарға:

1) пестицидтің сәйкестік сертификатымен немесе талдау сертификатымен бірге зауыттық орамдағы тәжірибелік үлгісін;

2) сәйкестік сертификатымен немесе талдау сертификатымен бірге зауыттық орамдағы эталондық пестицидті (Қазақстан Республикасында тіркелген эталондық пестицид болмаған жағдайда, Ведомствоның келісімімен Еуразиялық экономикалық одақ мемлекеттерінде тіркелген ұқсас мақсаттағы эталондық пестицидті қолдануға жол беріледі);

3) әсер етуші заттың талдамалық стандартын;

4) зертханалық зерттеулер жүргізуге арналған метаболиттердің талдамалық стандарттарын ұсынады.

10. Мынадай жағдайларда пестицидтерді ұсақмөлдекті сынақтардан өткізуге арналған өтінімдерді қабылдаудан бас тартылады, егер:

1) пестицидтердің әрекет етуші заттары немесе пестицидтің өзі өте уыттыға жатса, сондай-ақ Қазақстан Республикасы ратификациялаған конвенциялардың тізбелеріне енгізілсе;

2) пестицидтердің әсер етуші заттары немесе пестицидтің өзі Қазақстан Республикасының патенттерімен қорғалса;

3) осы Қағидалардың 9-тармағында көзделген материалдардың біреуі болмаса;

4) Қазақстан Республикасында және Еуразиялық экономикалық одақ мемлекеттерінде ұқсас дақылдардағы және дәл сондай зиянды организмдерге, карантиндік объектілерге, бөтенекті түрлерге қарсы қолданылатын бұрын тіркелген пестицидтерден ерекшеленетін, шығыс нормалары төмендетілген пестицидті сынауға өтінім берілсе;

5) пестицидтерді ұсақмөлдекті сынақтардан өткізуге өтінім ағымдағы жылғы 1 ақпаннан кейін берілсе.

11. Сынақтардың саны пестицидтерді қолдану регламенттеріне сәйкес пестицидтерді ұсақмөлдекті сынақтардан өткізуге арналған өтінімде көзделген мөлшерден аса алмайды.

12. Пестицидтерді пайдалану регламенттерін әзірлеу бөлігіндегі ұсақмөлдекті сынақтар осы Қағидаларға 4-қосымшаға сәйкес зиянды организмдердің, аса қауіпті зиянды организмдердің, карантиндік объектілердің ерекшеліктері (таралу ареалы, экономикалық мәні, ұрпақ беру саны, патогендігі, төзімділігі) ескеріле отырып, дақылдарды өсірудің негізгі топырақтық-климаттық аймақтарында жүргізіледі.

13. Пестицидті ұсақмөлдекті сынақтардан өткізу мерзімі:

1) биологиялық зат (тар) негізіндегі пестицидтерді қоспағанда, жаңа әсер етуші зат(тар)ы бар пестицидтер үшін - 24 айды (2 толық вегетациялық маусымды);

2) белгілі әсер етуші заттары бар пестицидтер, оның ішінде құрамдастырылған препараттар үшін тіркелген пестицидтерді пайдалану (қолдану) аясы кеңейтілген, олардың рецептурасы мен препараттық нысаны, әсер етуші заттың пайыздық мөлшері өзгерген кезде - 12 айды (1 толық вегетациялық маусымды);

3) биологиялық зат (тар) негізіндегі пестицид үшін - 12 айды (1 толық вегетациялық маусымды) құрайды.

Пестицидтерді ұсақмөлдекті сынақтардан өткізу кезеңінде Қазақстан Республикасы Заңының 10-бабы 1-тармағының 1), 2) тармақшаларына сәйкес өсімдіктерді қорғау саласындағы қызметті, "Өсімдіктер карантині туралы" 1999 жылғы 11 ақпандағы Қазақстан Республикасы Заңының (бұдан әрі - Өсімдіктер карантині туралы заң) 7-1-бабы 2-тармағына сәйкес өсімдіктер карантині саласындағы қызметті жүзеге асыратын мемлекеттік ұйымның ресми деректеріне сәйкес зиянды организмдер, аса қауіпті зиянды организмдер болмаған немесе олардың саны мен даму дәрежесі зияндылықтың

экономикалық шегінен төмен болғанда, сондай-ақ карантиндік объектілер мен бөтенекті түрлер болмаған кезде пестицидтерді ұсақмөлдекті сынақтардан өткізу мерзімі 1 (бір) вегетациялық маусымға ұзартылады.

14. Өсімдік шаруашылығы өнімі мен қоршаған орта объектілерінде сыналатын пестицидтердің қалдық мөлшерін және олардың ыдырау серпінін айқындау олардың биологиялық және шаруашылық тиімділігі бағаланатын дәл сондай аймақтар мен дәл сондай тәжірибелерде жүргізіледі.

15. Ведомство 10 (он) жұмыс күні ішінде пестицидтерді ұсақмөлдекті сынақтардан өткізу жоспарын әзірлейді және бұйрықпен бекітеді, оны бекіткеннен кейін ағымдағы жылғы 5 наурызға дейін оның тиісті үзінділерін тіркелушілерге (өтінім берушілерге) және ұсақмөлдекті сынақтарды өткізуге рұқсат берілген орындаушы ұйымдарға, сондай-ақ Ведомствоның облыстық аумақтық инспекцияларына жолдайды.

Пестицидтерді ұсақмөлдекті сынақтардан өткізу жоспарына пестицидті енгізу пестицидтің тіркелмеген тәжірибелік үлгісін ұсақмөлдекті сынақтарды жүргізуге қажетті мөлшерде Қазақстан Республикасында өндіруге (формуляциялауға) және Қазақстан Республикасына әкелуге негіз болып табылады. Пестицидтердің қажетті мөлшері пестицидтің жұмсалыу нормасын, зиянды организмдердің, аса қауіпті зиянды организмдер мен дақылдардың мөлшері негізге ала отырып, есептеледі.

16. Пестицидтерді ұсақмөлдекті сынақтардан өткізудің бекітілген жоспарына сәйкес тіркелуші (өтінім беруші) орындаушы ұйымдармен ұсақмөлдекті сынақтарды жүргізуге шарт жасасады және оларға пестицидтердің тәжірибелік және эталондық үлгісін ақысыз негізде береді, сондай-ақ орындаушы ұйымдарға аталған сынақтарды жүргізуге ақы төлейді.

17. Пестицидтердің ұсақмөлдекті сынақтары аяқталғаннан кейін орындаушы ұйым ағымдағы жылғы 30 қарашаға дейін Ведомство мен тіркелушіге (өтінім берушіге) осы Қағидаларға 5-қосымшаға сәйкес нысан бойынша пестицидтердің биологиялық және шаруашылық тиімділігін бағалау бойынша ұсақмөлдекті сынақтардың нәтижелері туралы есеп ұсынады, ол сыналып жатқан пестицидтердің биологиялық және шаруашылық тиімділігі туралы нақты қорытындылары мен сынақтардың қорытындыланған нәтижелерін және олардың ұсақмөлдекті сынақтарын жалғастыру немесе сыналып жатқан пестицидтерді өндірістік сынақтар жоспарына енгізу туралы ұсыныстарды және пестицидтердің одан әрі тіркеу (өндірістік) сынақтарын жүргізудің орындылығы туралы немесе ұсақмөлдекті сынақтарды жүргізу мерзімін 1 вегетациялық маусымға ұзартудың негізделген себептерін көрсете отырып, оларды ұзарту туралы ұсынымдарды қамтиды.

18. Ведомство ағымдағы жылдың 5 сәуіріне дейін пестицидтерді токсикологиялық бағалау, пестицидтердің өсімдік шаруашылығы өнімінде және топырақтағы қалдық мөлшерлерін анықтау әдістерін әзірлеу және бейімдеу жөніндегі жұмыстарды жүргізу жоспарын әзірлейді және бұйрықпен бекітеді, оның тиісті үзінді көшірмелерін

тіркелушілерге (өтінім берушілерге) және аталған жұмыстарды жүргізуге аккредиттелген орындаушы ұйымдарға оны бекіткеннен кейін 10 (он) жұмыс күні ішінде жолдайды.

19. Пестицидті пестицидтерді токсикологиялық бағалау, өсімдік шаруашылығы өніміндегі және топырақтағы пестицидтердің қалдық мөлшерлерін анықтау әдістерін әзірлеу және бейімдеу бойынша жұмыстарды жүргізу жоспарына енгізу осы жұмыстарды жүргізуге қажетті мөлшердегі пестицидтің талдамалық үлгісін Қазақстан Республикасына әкелуге негіз болып табылады.

20. Пестицидтерді токсикологиялық бағалау, өсімдік шаруашылығы өніміндегі және топырақтағы пестицидтердің қалдық мөлшерлерін анықтау әдістерін әзірлеу және бейімдеу бойынша жұмыстарды жүргізудің бекітілген жоспарына сәйкес тіркелуші (өтінім беруші) орындаушы ұйымдармен осы жұмыстарды жүргізуге шарттар жасасады, оларға пестицидтердің талдамалық үлгілерін, өтінім берілген пестицидтердің өсімдік шаруашылығы өніміндегі және қоршаған орта объектілеріндегі қалдық мөлшерлерін анықтау әдісін ақысыз негізде ұсынады, сондай-ақ орындаушы ұйымдарға осы жұмыстарды жүргізу ақысын төлейді.

21. Осы Қағидаларға 6-қосымшаға сәйкес нысан бойынша өсімдік шаруашылығы өніміндегі және қоршаған орта объектілеріндегі пестицидтердің қалдық мөлшелерінің құрамын анықтау жөніндегі жұмыстарды жүргізу нәтижелері туралы есептерді орындаушы ұйымдар Ведомствоға және тіркелушіге (өтінім берушіге) ағымдағы жылғы 30 қарашаға дейін ұсынады.

22. Демонстрациялық (көрсетілетін) тәжірибелерді пестицидтердің тізімінде және пестицидтер тізіміне толықтыруларда көрсетілген қолдану регламенттері бойынша тіркелген пестицидтермен ғана жүргізуге болады.

3-тарау. Пестицидтерді тіркеу (өндірістік) сынақтарынан өткізу тәртібі

23. Пестицидтерді тіркеу (өндірістік) сынақтары (бұдан әрі - өндірістік сынақтар) пестицидтерді сынаудың соңғы кезеңі болып табылады және осы Қағидалардың 24-тармағында көзделген жағдайларды қоспағанда, ұсақмөлдекті сынақтардың қорытындылары бойынша жүзеге асырылады. Өндірістік сынақтар ұсынылып отырған пестицидтерді қолдану регламенттерінің биологиялық және шаруашылық тиімділігінің тұрақтылығын өндірістік жағдайда растау мақсатында жүргізіледі.

24. Биологиялық зат (тар) негізіндегі пестицидтің өндірістік және ұсақмөлдекті сынақтары бір жылда (бір вегетациялық маусымда) жүргізіледі.

25. Осы Қағидаларға 7-қосымшаға сәйкес нысан бойынша пестицидтерді өндірістік сынақтардан өткізуге арналған өтінімді тіркелуші (өтінім беруші) Ведомствоға қолма-қол немесе почта арқылы ағымдағы жылғы 1 ақпанға дейін береді.

Биологиялық зат (тар) негізіндегі пестицидті өндірістік сынақтардан өткізуге арналған өтінім биологиялық зат (тар) негізіндегі пестицидтің ұсақмөлдекті сынақтардан өткізуге арналған өтініммен бірге беріледі.

Өтінім әр пестицидке жеке толтырылады. Пестицид атауының белгіленген тәртіппен тіркелген пестицидтердің атауларынан ерекшеленуі қамтамасыз етілуі қажет, атауының тек цифрлардан құрылуына және пестицидтің қасиеттері мен шығу тегіне қатысты жаңылдыруға жол берілмеуі тиіс.

26. Пестицидтерді өндірістік сынақтардан өткізу үшін тіркелуші (өтінім беруші) орындаушы ұйымдарға:

1) пестицидтің сәйкестік сертификатымен немесе талдау сертификатымен бірге зауыттық орамдағы тәжірибелік үлгісін;

2) сәйкестік сертификатымен немесе талдау сертификатымен бірге зауыттық орамдағы эталондық пестицидті ұсынады.

27. Өндірістік сынақтар үшін әкелінетін пестицидтердің мөлшері пестицидтердің сынақтарын жүргізу көзделген әр топырақтық-климаттық аймақта әр дақыл бойынша 10 (он) гектарды өндеуге қажетті мөлшерден аса алмайды.

28. Пестицидтерді өндірістік сынақтардан өткізуге арналған өтінімдер мынадай жағдайларда қабылданбайды, егер:

1) пестицидтердің әсер етуші заттары аса уытты заттарға жатса, сондай-ақ Қазақстан Республикасы ратификациялаған конвенциялардың тізбесіне енгізілсе;

2) уәкілетті мемлекеттік органнан пестицидтердің адамның денсаулығына және қоршаған табиғи ортаға қауіптілігі туралы бұрын белгісіз деректер алынса;

3) пестицидтердің әсер етуші заттары Қазақстан Республикасының патенттерімен қорғалса;

4) пестицидтерді өндірістік сынақтардан өткізуге арналған өтінім ағымдағы жылғы 1 ақпаннан кеш берілсе;

5) биологиялық зат (тар) негізінде пестицидті өндірістік сынақтардан өткізуге арналған өтінімді беру жағдайларын қоспағанда, Ведомствоға пестицидтердің өткізілген ұсақмөлдекті сынақтарының нәтижелері туралы есептер ұсынылмаса;

6) пестицидтердің өткізілген ұсақмөлдекті сынақтарының есептерінде оларды өндірістік сынақтардан өткізу орындылығы туралы ұсыныстар болмаса.

29. Тіркеуге ұсынылған пестицидтердің өндірістік сынақтары зиянды организмдердің ерекшеліктерін (таралу ареалы, экономикалық мәні, ұрпақтарының саны, патогендігі, төзімділігі) ескере отырып, оларды топырақтық-климаттық негізгі аймақтарда өндірістік жағдайларда байқаудан өткізу үшін жүргізіледі.

30. Пестицидтерді өндірістік сынақтардан өткізу мерзімі 12 айды (бір вегетациялық маусымды) құрайды.

Пестицидтерді өндірістік сынақтардан өткізу кезеңінде Өсімдіктер Заңының 10-бабы 1-тармағының 1), 2) тармақшаларына сәйкес өсімдіктерді қорғау саласындағы

қызметті, "Өсімдіктер карантині туралы" 1999 жылғы 11 ақпандағы Қазақстан Республикасы Заңының (бұдан әрі - Өсімдіктер карантині туралы заң) 7-1-бабы 2-тармағына сәйкес өсімдіктер карантині саласындағы қызметті жүзеге асыратын мемлекеттік ұйымның ресми деректеріне сәйкес зиянды организмдер, аса қауіпті зиянды организмдер болмаған немесе олардың саны мен даму дәрежесі зияндылықтың экономикалық шегінен төмен болғанда, сондай-ақ карантиндік объектілер мен бөтен текті түрлер болмаған кезде, пестицидтерді өндірістік сынақтардан өткізу мерзімі 1 (бір) вегетациялық маусымға ұзартылады.

Бұл ретте, зиянды организмдердің, аса қауіпті зиянды организмдердің болмауы немесе олардың санының және даму дәрежесінің зиян келтірудің экономикалық шегінен төмен болуы туралы мәліметтер орындаушы ұйымдардың есептерінде көрсетіледі.

31. Ведомство ағымдағы жылғы 5 сәуірге дейін пестицидтерді өндірістік сынақтардан өткізу жоспарын әзірлейді және бұйрықпен бекітеді, оны бекіткеннен кейін оның тиісті үзінді көшірмелерін тіркелушілерге (өтінім берушілерге) және өндірістік сынақтар жүргізуге рұқсат етілген орындаушы ұйымдарға, сондай-ақ Ведомствоның облыстық аумақтық инспекцияларына 10 (он) жұмыс күні ішінде жолдайды.

32. Пестицидтерді өндірістік сынақтардан өткізу жоспарына пестицидті енгізу пестицидтің тәжірибелік үлгісін өндірістік сынақтар жүргізуге қажетті мөлшерде Қазақстан Республикасында өндіруге (формуляциялауға) және Қазақстан Республикасына әкелуге негіз болып табылады.

33. Пестицидтерді өндірістік сынақтардан өткізудің бекітілген жоспарына сәйкес тіркелуші (өтінім беруші) орындаушы ұйымдармен өндірістік сынақтар жүргізуге шарттар жасасады және оларға пестицидтердің тәжірибелік және эталондық үлгісін ақысыз негізде ұсынады, сондай-ақ орындаушы ұйымдарға аталған сынақтарды жүргізу ақысын төлейді.

34. Пестицидтердің өндірістік сынақтары аяқталғаннан кейін орындаушы ұйым ағымдағы жылғы 30 қарашаға дейін Ведомство мен тіркелушіге (өтінім берушіге) осы Қағидаларға 8-қосымшаға сәйкес нысан бойынша пестицидтердің биологиялық және шаруашылық тиімділігін бағалау жөніндегі өндірістік сынақтардың нәтижелері туралы есепті ұсынады, ол препараттың сыналған шығыс нормаларындағы және жұмыс сұйықтығының шығын нормаларындағы, олардың қолдану немесе шектеу регламенттеріндегі пестицидтерді мемлекеттік тіркеуді жүргізудің мүмкін еместігі туралы ұсыныстары бар немесе оларды нақтылау мақсатында өндірістік сынақтарды жалғастыру немесе пестицидтерді мемлекеттік тіркеудің келеңсіз теріс әсерлердің болуын қоса алғанда, негізсіз себептерін көрсете отырып, сынақтардың жинақталған нәтижелерін қамтиды.

35. Пестицидтерді өндірістік сынақтардан өткізу нәтижелері бойынша орындаушы ұйымдар ағымдағы жылғы 30 қарашаға дейін осы Қағидаларға 9-қосымшаға сәйкес нысан бойынша пестицидтердің өндірістік сынақтарын бағалау актілерін ұсынады.

36. Егер пестицидке жүргізілген өндірістік сынақтардың нәтижелері пестицидтің ұсақмөлдекті сынақтарының нәтижелерін растамаса, онда тіркелушінің (өтінім берушінің) келісімімен пестицидтің өндірістік сынақтарының мерзімі 1 (бір) жылға ұзартылады немесе кейіннен өндірістік сынақтар жүргізе отырып, шығыс нормаларын анықтау үшін пестицидтің ұсақмөлдекті сынақтары кезеңіне қайтарылады немесе одан арғы өндірістік сынақтардан алып тасталады.

4-тарау. Пестицидтерді мемлекеттік тіркеуді жүргізу тәртібі

37. Мемлекеттік тіркеуге пестицидтердің ұсақмөлдекті және өндірістік сынақтарынан, биологиялық, шаруашылық, токсикологиялық, гигиеналық және экологиялық бағалауынан өткен, тіркеу дерекнамасы мен уәкілетті мемлекеттік органның келісімі алынған пестицидтер жатады.

38. Ведомство мен орындаушы ұйымдардағы, сондай-ақ уәкілетті мемлекеттік органдардағы пестицидтерге арналған тіркеу дерекнамасының материалдары 1994 жылғы 27 желтоқсандағы Қазақстан Республикасы Азаматтық кодексінің 125 және 126-баптарына сәйкес жариялануға жатпайды.

Тіркелуші (өтінім беруші) Ведомство қарайтын құжаттардың ішінен мазмұны Қазақстан Республикасының заңнамасына сәйкес коммерциялық құпияны құрайтын, құпия сипаттағы құжаттарды "құпия" белгісімен белгілей отырып, олардың тізбесін айқындайды.

Ведомство Қазақстан Республикасының заңнамасына сәйкес тіркелуші (өтінім беруші) ұсынған тіркеу дерекнамаларының, сондай-ақ пестицидтерді ұсақмөлдекті және өндірістік сынақтардан өткізуге арналған өтінімнің құпиялылығын қамтамасыз ететін жағдай жасайды.

Орындаушы ұйымдар тіркеу дерекнамаларының бір бөлігі болып табылатын пестицидтердің биологиялық және шаруашылық тиімділігін бағалау жөніндегі ұсақмөлдекті және өндірістік сынақтарының және пестицидтердің токсикологиялық бағаларының нәтижелері туралы есептердің құпиялылығын қамтамасыз ететін жағдай жасайды.

Уәкілетті мемлекеттік органдар келісуге келіп түскен пестицидтерге арналған тіркеу дерекнамасы материалдарының құпиялылығын қамтамасыз ететін жағдай жасайды.

39. Пестицидтерді мемлекеттік тіркеу үшін тіркелуші (өтінім беруші) www.egov.kz "электрондық үкіметтің" веб-порталы арқылы электрондық нысанда Ведомствоға осы Қағидаларға 10-қосымшаға сәйкес нысан бойынша пестицидті мемлекеттік тіркеуге

электрондық өтінімді береді. Бұл ретте өтінім әр пестицидте жеке толтырылады. Пестицид атауының белгіленген тәртіппен тіркелген пестицидтердің атауларынан ерекшеленуі қамтамасыз етілуі қажет, атауының тек цифрлардан құрылуына және пестицидтің қасиеттері мен шығу тегіне қатысты жаңылдыруға жол берілмеуі тиіс.

Пестицидті мемлекеттік тіркеуге қойылатын негізгі талаптардың тізбесі, оның мазмұны мен пестицидке тіркеу куәлігін беру процесінің сипаттамасы, нысаны, мазмұны, сондай-ақ өзге де мәліметтер осы Қағидаларға 11-қосымшаға сәйкес " Пестицидтерді мемлекеттік тіркеу" мемлекеттік көрсетілетін қызмет стандартында (бұдан әрі - Стандарт) баяндалған.

"Жеке кабинетке" мемлекеттік қызмет көрсетуге арналған сұраным қарау мәртебесі туралы ақпарат, сондай-ақ пестицидке тіркеу куәлігін алған күні мен уақыты көрсетілген хабарлама жіберіледі.

Ведомство кеңсесі құжаттар келіп түскен күні оларды қабылдауды, тіркеуді жүзеге асырады және жауапты құрылымдық бөлімшеге орындауға береді. Тіркелуші (өтініш беруші) еңбек заңнамасына сәйкес жұмыс уақыты аяқталғаннан кейін, демалыс және мереке күндері жүгінген кезде, өтінім қабылдау және пестицидке тіркеу куәлігін беру келесі жұмыс күні жүзеге асырылады.

Ведомствоның жауапты құрылымдық бөлімшесінің қызметкері құжаттар тіркелген сәттен бастап 2 (екі) жұмыс күні ішінде пестицидке арналған тіркеу дерекнамасының ұсынылған құжаттарының толықтығын тексереді.

Тіркеу дерекнамасы құжаттарының толық болмау фактісі анықталған жағдайда, Ведомствоның жауапты құрылымдық бөлімшесінің қызметкері көрсетілген мерзімдерде Ведомство басшысының электрондық цифрлық қолтаңбасымен (бұдан әрі - ЭЦҚ) қол қойылған электрондық құжат нысанындағы Стандартта көрсетілген жағдайларда және негіздер бойынша мемлекеттік көрсетілетін қызметтен бас тарту туралы уәжді жауапты дайындайды және тіркелушінің (өтініш берушінің) порталдағы жеке кабинетіне жібереді.

Тіркелуші (өтініш беруші) Стандартта көрсетілген құжаттардың толық пакетін ұсынған жағдайда, Ведомствоның жауапты құрылымдық бөлімшесінің қызметкері уәкілетті мемлекеттік органдарға сұраным жолдайды, олар 10 (он) жұмыс күні ішінде Ведомствоға 10 жыл мерзімге пестицидті мемлекеттік тіркеуді келісу немесе пестицидті мемлекеттік тіркеуді келісуден бас тарту ұсынымдарын қамтыған сараптама қорытындысын жібереді.

Келісуші мемлекеттік органдар белгіленген мерзімде жауап ұсынбаған жағдайда, Рұқсаттар және хабарламалар туралы заңның 25-бабы 3-тармағына сәйкес пестицидті мемлекеттік тіркеу келісілді деп есептеледі.

Уәкілетті мемлекеттік органдармен келісулер мемлекеттік тіркеуге ұсынылған пестицидті ауыл шаруашылығы өндірісінде қолданудан ықтимал тәуекелдердің болуы

немесе болмауы және пестицидтің әсер етуші затының немесе пестицидтің өзінің Тізбеде және (немесе) Тіркелімде болмауы тұрғысынан жүзеге асырылады.

Қоршаған ортаны қорғау саласындағы уәкілетті мемлекеттік органның келісімін алу үшін Ведомство пестицидті мемлекеттік тіркеу мүмкіндігі туралы сұранымға мынадай құжаттарды қоса береді:

1) пестицидке арналған қысқаша дерекнаманың электрондық көшірмесі;

2) пестицидті экологиялық-токсикологиялық және токсикологиялық-балық шаруашылығы бағалауы туралы есептердің электрондық көшірмесі (аталған жұмыстарды Украинада, Еуразиялық экономикалық одақ мемлекеттерінде жүргізуге құқығы бар ғылыми ұйымдардың зерттеу нәтижелерін ұсынуға жол беріледі);

3) балара шаруашылығы және мал шаруашылығы үшін пестицидтің ветеринариялық-санитариялық, экологиялық-токсикологиялық бағалау туралы есептердің электрондық көшірмесі (аталған жұмыстарды Украинада, Еуразиялық экономикалық одақ мемлекеттерінде жүргізуге құқығы бар ғылыми ұйымдардың зерттеу нәтижелерін ұсынуға жол беріледі);

4) пестицидті өндіруші немесе тіркелуші (өтініш беруші) әзірлеген пестицидтің қауіпсіздік паспортының электрондық көшірмесі;

5) осы Қағидаларға 12-қосымшаға сәйкес пестицидті тасымалдау, сақтау, қолдану және зарарсыздандыру жөніндегі ұсынымдардың электрондық көшірмесі;

6) осы Қағидаларға 13-қосымшаға сәйкес мемлекеттік және орыс тілдерінде ақпараты бар пестицид ыдысындағы заттаңбасының электрондық көшірмесі.

Халықтың санитариялық-эпидемиологиялық саламаттылығы саласындағы мемлекеттік органның келісімін алу үшін Ведомство пестицидті мемлекеттік тіркеу мүмкіндігі туралы сұранымға мынадай құжаттарды қоса береді:

1) пестицидке арналған қысқаша дерекнаманың электрондық көшірмесі;

2) пестицидтің әсер етуші заты мен препараттық нысанын токсикологиялық-гигиеналық бағалау жөніндегі есептердің электрондық көшірмесі (аталған жұмыстарды Украинада, Еуразиялық экономикалық одақ мемлекеттерінде жүргізуге құқығы бар ғылыми ұйымдардың зерттеу нәтижелерін ұсынуға рұқсат беріледі);

3) пестицидтің қауіптілігін гигиеналық бағалау жөніндегі есептердің электрондық көшірмесі (аталған жұмыстарды Украинада, Еуразиялық экономикалық одақ мемлекеттерінде жүргізуге құқығы бар ғылыми ұйымдардың зерттеу нәтижелерін ұсынуға рұқсат беріледі);

4) пестицидті өндіру және қолдану кезіндегі еңбек жағдайын санитариялық-гигиеналық зерттеудің электрондық көшірмесі (аталған жұмыстарды Украинада, Еуразиялық экономикалық одақ мемлекеттерінде жүргізуге құқығы бар ғылыми ұйымдардың зерттеу нәтижелерін ұсынуға рұқсат беріледі);

5) пестицидтегі әсер етуші затты анықтаудың талдамалық әдісінің электрондық көшірмесі. Тіркелуші (өтінім беруші) әдісті Қазақстан Республикасының жағдайларына бейімдеуді жүргізеді (бейімделген тәсілді Украинада, Еуразиялық экономикалық одақ мемлекеттерінде ұсынуға рұқсат беріледі);

6) осы Қағидаларға 3-қосымшаның 5.1-тармағының 21) тармақшасында көрсетілген пестицидтің тамақ өнімдеріндегі, ауыл шаруашылығы өніміндегі қоршаған орта объектілеріндегі және биологиялық ортадағы қалдық мөлшерлерін (қажет болса метаболиттерді) анықтау жөніндегі әдістемелік нұсқаулардың электрондық көшірмесі;

7) пестицидтің өсімдік шаруашылығы өніміндегі және қоршаған орта объектілеріндегі құрамы нормативтерінің электрондық көшірмесі (пестицидтің өсімдік шаруашылығы өніміндегі ең жоғары рұқсат етілген деңгейі, су айдындары суындағы пестицидтің шекті жол берілген концентрациясы (бұдан әрі - ШкЖК), жұмыс аймағындағы ауадағы ШкЖК, пестицидтің жұмыс аймағындағы ауадағы және атмосфералық ауадағы болжамды қауіпсіз әсер ету деңгейі, топырақтағы ШкЖК);

8) осы Қағидаларға 12-қосымшаға сәйкес пестицидті тасымалдау, сақтау, қолдану және зарарсыздандыру жөніндегі ұсынымдардың электрондық көшірмесі;

9) осы Қағидаларға 13-қосымшаға сәйкес мемлекеттік және орыс тілдерінде ақпараты бар пестицидтің ыдысындағы затбелгінің электрондық көшірмесі.

Ведомствоның жауапты құрылымдық бөлімшесінің қызметкері пестицидке арналған тіркеу дерекнамасының материалдарын қарағаннан және уәкілетті мемлекеттік органдардың келісімін алғаннан кейін мына шешімдердің бірін қабылдайды:

1) пестицидті мемлекеттік тіркеу және тіркелушіге (өтініш берушіге) пестицидке тіркеу куәлігін беру туралы қорытынды;

2) пестицидті мемлекеттік тіркеуден бас тарту туралы уәжді жауап.

Нәтиже Ведомствоның уәкілетті адамының ЭЦҚ-мен куәландырылған электрондық құжат нысанында тіркелушінің (өтініш берушінің) "жеке кабинетіне" жіберіледі.

Ведомство пестицидті мемлекеттік тіркеуге арналған электрондық өтінімді қарауды, пестицидті мемлекеттік тіркеуді уәкілетті мемлекеттік органдармен келісуді, шешім қабылдауды және осы Қағидаларға 14-қосымшаға сәйкес нысан бойынша пестицидке тіркеу куәлігін ресімдеуді тіркелуші (өтінім беруші) осы Қағидаларда белгіленген тиісті құжаттары бар электрондық өтінімді ұсынған күннен бастап 18 (он сегіз) жұмыс күнінен кешіктірмей жүзеге асырады.

40. Уәкілетті орган мемлекеттік қызмет көрсету сатысы туралы деректерді мемлекеттік қызметтер көрсету мониторингінің ақпараттық жүйесіне енгізуді қамтамасыз етеді.

Рұқсаттар мен хабарламалардың мемлекеттік ақпараттық жүйесі арқылы мемлекеттік қызметті көрсету кезінде оны көрсету сатысы туралы деректер автоматты режимде мемлекеттік қызметтерді көрсету мониторингінің ақпараттық жүйесіне түседі.

Тіркелуші (өтінім беруші) барлық қажетті құжаттарды портал арқылы берген кезде тіркелушінің (өтінім берушінің) "жеке кабинетінде" мемлекеттік қызметті көрсету нәтижелерінің алынған күні көрсетіле отырып, ЭЦҚ-мен расталған пестицидтерді мемлекеттік тіркеуге арналған сұранымның қабылданғаны туралы мәртебе көрсетіледі.

41. Тіркелген пестицид пестицидтердің тізіміне толықтыру жолымен енгізіледі. Пестицидті тіркеу күні мен мемлекеттік тіркеу немесе қайта тіркеу нөмірі пестицидтерді есепке алу журналына жазылады. Пестицидті мемлекеттік тіркеудің аяқталған күні пестицидтер тізімі мен оның толықтыруларында көрсетіледі. Пестицидтерді есепке алу журналын Ведомство қағаз және электрондық түрде жүргізеді.

42. Ведомство пестицидтер тізімін және (немесе) пестицидтер тізіміне толықтыруларды тиісті бұйрықпен бекітеді, оны Қазақстан Республикасы Ауыл шаруашылығы министрлігінің (бұдан әрі - Министрлік) интернет-ресурсында орналастырады және типографиялық тәсілмен басып шығарады. Пестицидтер тізімінің және тізімге толықтырулардың электрондық және полиграфиялық нұсқалары бірдей күшке ие.

43. Пестицидке арналған тіркеу куәлігінде оның қолданылу мерзімі, тіркелуші (өтінім беруші) туралы ақпарат, пестицидтің саудалық атауы және оның әсер етуші заты, пестицидті қолдану регламенттері және әсер етуші заттың өндірушісі туралы ақпарат көрсетіледі.

44. Пестицидке арналған тіркеу куәлігінің қолданылу мерзімі 10 (он) жылды құрайды. Пестицидке арналған тіркеу куәлігінің қолданылу мерзімі өткен соң, осы Қағидаларда белгіленген тәртіппен қайта тіркеу жүргізіледі.

45. Жекелеген зиянды және аса қауіпті зиянды организмдермен, сондай-ақ, таралуы өсімдіктер мен өсімдік өнімдеріне елеулі зиян келтіруге, фитосанитариялық жағдайдың нашарлауына әкеп оғуы мүмкін Қазақстан Республикасының аумағында алғаш рет анықталған карантиндік объектілермен күресу үшін Ведомствоның "Республикалық фитосанитариялық диагностика және болжамдар әдістемелік орталығы" мемлекеттік мекемесінен оларға қарсы тіркелген пестицидтері, тәуекелі төмен биологиялық препараттары жоқ зиянды немесе аса қауіпті зиянды организмдердің немесе карантиндік объектілердің анықталғаны туралы ақпарат болған кезде 2 (екі) жылдан аспайтын мерзімге уақытша тіркеуге рұқсат етіледі.

Пестицидті, тәуекелі төмен биологиялық препаратты уақытша тіркеуді жүргізудің қажетті шарты мыналар болып табылады:

1) осы Қағидаларға 15-қосымшаға сәйкес нысан бойынша пестицидті, тәуекелі төмен биологиялық препаратты уақытша тіркеуді жүргізуге тіркелушіден (өтінім берушіден) электрондық өтінім;

2) ғылыми зерттеу мекемелерінің анықталған зиянды немесе аса қауіпті зиянды организмдерге немесе карантиндік объектілерге қарсы уақытша тіркеудің талдауы мен

негіздемесі бар пестицидтің, тәуекелі төмен биологиялық препараттың уақытша тіркелуін жүргізудің орындылығы туралы ұсынымдарының болуы;

3) Еуразиялық экономикалық одақ мемлекеттерінде ұқсас қолдану саласы бойынша (сол дақылда және сол зиянды организмдерге қарсы) пестицидтің, тәуекелі төмен биологиялық препараттың мемлекеттік тіркелуінің болуы.

Пестицидті, тәуекелі төмен биологиялық препаратты уақытша тіркеу кезеңінде көрсетілген пестицидті, тәуекелі төмен биологиялық препаратты мемлекеттік тіркеу үшін тіркелуші (өтінім беруші) осы Қағидаларға сәйкес ұсақмөлдекті және өндірістік сынақтарды, токсикологиялық бағалауды жүргізеді, аталған мемлекеттік тіркеуге уәкілетті мемлекеттік органдардың келісулерін алады.

Алғаш рет анықталған карантиндік объектілермен күресу үшін әсер ету механизмі (түйіспелі, ішек, жүйелік және тағы басқа) әр түрлі екіден аспайтын пестицидтерді уақытша тіркеуге рұқсат етіледі.

Ұсынылған материалдарды қарағаннан кейін Ведомство пестицидті, тәуекелі төмен биологиялық препаратты уақытша тіркеу және пестицидке, тәуекелі төмен биологиялық препаратқа тіркеу куәлігін тіркелушіге (өтініш берушіге) беру туралы шешім қабылдайды, пестицидтер тізіміне өзгерістер мен оның толықтыруларын енгізеді және бұл туралы ақпаратты Министрліктің интернет-ресурсында орналастырады. Пестицидке, тәуекелі төмен биологиялық препаратқа арналған уақытша тіркеу куәлігінің қолдану мерзімі 2 (екі) жылды құрайды.

46. Пестицидке арналған тіркеу куәлігінен айыру (оны кері қайтарып алу):

1) уәкілетті мемлекеттік органдар растаған, адамдардың денсаулығы немесе қоршаған орта үшін пестицидтің қауіптілігі туралы бұрын белгісіз болған мәліметтер алынған;

2) пестицид Тізбеге енгізілген;

3) фитосанитариялық іс-шаралар жүргізу қорытындысы бойынша алынған нәтижелер негізінде қолданылатын тіркелген пестицидтің биологиялық тиімділігінің болмау фактісі расталған жағдайларда жүзеге асырылады.

47. Пестицидке арналған тіркеу куәлігінің қолданылуын тоқтата тұру өндірісте қолданылатын тіркелген пестицидтің әсер етуші затының химиялық құрамы мен мөлшерінің оны мемлекеттік тіркеу кезінде тіркеу дерекнамасында мәлімделген әсер етуші затының химиялық құрамы мен мөлшеріне сәйкес келмеу фактісі анықталған кезде жүзеге асырылады.

Бұл ретте аталған сәйкессіздік фактісін анықтау мемлекеттік фитосанитариялық бақылау жүргізу негізінде жүзеге асырылады, оның қорытындылары бойынша өсімдіктерді қорғау жөніндегі инспектор іріктеп алған және өндірісте қолданылатын тіркелген пестицидтің әсер етуші затының химиялық құрамы мен мөлшерінің оны мемлекеттік тіркеу кезінде тіркеу дерекнамасында мәлімделген әсер етуші затының химиялық құрамы мен мөлшеріне сәйкес келуі мәніне анықтау мақсатында

аккредиттелген зертханаларға жолдаған пестицидтердің үлгілерінің талдау нәтижелерін қоса бере отырып, өндірісте қолданылатын тіркелген пестицидтің әсер етуші затының химиялық құрамы мен мөлшерінің оны мемлекеттік тіркеу кезінде тіркеу дерекнамасында мәлімделген әсер етуші затының химиялық құрамы мен мөлшеріне сәйкес келмеуі анықталынады.

Сәйкессіздік фактісі анықталған жағдайда, Ведомство пестицидке тіркеу куәлігінің қолданылуын 6 (алты) ай мерзімге тоқтату тұру туралы шешім қабылдайды, тіркелушіге (өтінім берушіге) анықталған сәйкессіздік туралы және сәйкессіздік себептерін түсіндіре отырып, хабарлама алған күннен бастап 10 (он) жұмыс күні ішінде ресми хат ұсыну қажеттілігі туралы хабарлама жібереді.

Тіркелуші (өтінім беруші) сәйкессіздік себептерін түсіндірген ресми хатты ұсынған жағдайда, Ведомство материал ұсынылған сәттен бастап 10 (он) жұмыс күні ішінде материалдарды қарайды және пестицидке арналған тіркеу куәлігінің тіркелген қолдану мерзімін жандандыру туралы немесе оны мерзімінен бұрын тоқтату туралы шешім қабылдайды.

48. Пестицидке арналған тіркеу куәлігінің қолданысы мынадай жағдайларда тоқтатылады:

1) пестицидті мемлекеттік қайта тіркеуге өтінім беру жағдайларын қоспағанда, пестицидке арналған тіркеу куәлігінің қолданылу мерзімінің аяқталуы;

2) уәкілетті мемлекеттік органдар растаған, пестицидтің адамдардың денсаулығы, жануарлар немесе қоршаған орта үшін қауіптілігі туралы бұрын белгісіз мәліметтердің алынуы;

3) тіркелген пестицидті ауыл шаруашылығы өндірісінде қолдану кезде зиянды және аса қауіпті зиянды организмдер санының зияндылықтың экономикалық шегінен төмен төмендеуін, сондай-ақ карантиндік объектілер санының рұқсат етілген деңгейге дейін төмендеуін қамтамасыз етпейтін биологиялық тиімділігінің жеткіліксіздігі фактісінің анықталуы;

4) пестицидтің уәкілетті мемлекеттік органдар растаған Тізбеге немесе Тіркелімге енгізілуі.

49. Осы Қағидалардың 48-тармағында көрсетілген жағдайлар анықталған кезде, Ведомство пестицидке арналған тіркеу куәлігінің қолданысын тоқтату туралы шешім қабылдайды, пестицидтер тізіміне және оның толықтырулары тізіміне өзгерістер енгізеді және бұл туралы ақпаратты Министрліктің интернет-ресурсында орналастырады. Шешім қабылдағаннан кейін Ведомство 10 (он) жұмыс күні ішінде тіркелушіге (өтініш берушіге) пестицидке арналған тіркеу куәлігінің қолданысын тоқтату туралы жазбаша нысанда хабарлайды. Тіркелуші (өтініш беруші) жазбаша хабарлама алған сәттен бастап 10 (он) жұмыс күні ішінде Ведомствоға пестицидке арналған тіркеу куәлігін қайтарады.

50. Рецептурасы мен тіркелген пестицидті өндіру технологиясы сақтала отырып, оны өндіруші ауысқан кезде, тіркелуші (өтінім беруші) бұл туралы Ведомствоны пестицидтің болжанып отырған импортын Қазақстан Республикасының аумағына әкелерден 30 (отыз) жұмыс күнінен кешіктірмей хабардар етеді және бұл ретте мынадай құжаттарды береді:

1) тіркелуші (өтінім беруші) және пестицидті өндіруші арасында пестицидті өндіруге лицензиялық келісім (салыстырып тексеру үшін түпнұсқасы болмаған жағдайда, нотариалды куәландырылған көшірмесі), сондай-ақ пестицидті жаңа өндірушіге тиісті мемлекеттік уәкілетті органдар берген пестицидті өндіруге лицензия немесе рұқсаты (Қазақстан Республикасының резиденті емес тіркелушілерге (өтінім берушілерге) салыстырып тексеру үшін түпнұсқалары болмаған жағдайда, нотариалды куәландырылған көшірмелері);

2) пестицидтің және оның әсер етуші затының (оның ішінде әсер етуші заттағы ілеспе қоспалар бойынша) құрамының тіркелген пестицидтің және оның әсер етуші затының құрамымен бірдейлігін растайтын аккредиттелген (сертификатталған) зертханаларда жүргізілген зертханалық талдаулардың деректері;

3) бұрын берілген пестицидке арналған тіркеу куәлігінің түпнұсқасы.

Ұсынылған құжаттарды қарағаннан кейін Ведомство пестицидке бұрын берілген тіркеу куәлігін жою және оны пестицидке арналған жаңа тіркеу куәлігімен ауыстыру туралы шешім қабылдайды, онда пестицидтің жаңа өндірушісін қосымша көрсетеді, пестицидтер тізіміне және оның толықтыруларының тізіміне өзгерістер енгізеді және бұл туралы ақпаратты Министрліктің интернет-ресурсында орналастырады.

Бұл ретте мемлекеттік тіркеу мерзімі сақталады, пестицидтің жаңа тіркеу және өндірістік сынақтары жүргізілмейді.

Тіркелуші (өтінім беруші) ұсынған құжаттарды қарастыруды, шешім қабылдауды, пестицидке жаңа куәлік ресімдеу мен беруді Ведомство оларды ұсынған күнінен бастап 30 (отыз) жұмыс күнінен кешіктірмей жүзеге асырады.

Тіркелуші (өтінім беруші) осы тармақта көрсетілген құжаттар тізбесін толық ұсынбаған жағдайда, Ведомство 10 (он) жұмыс күні ішінде тіркелушіге (өтінім берушіге) анықталған сәйкессіздік туралы хабарлама жолдайды.

51. Мерзімі өткенге дейін пестицид ұсақмөлдекті және өндірістік сынақтардан және токсикологиялық бағалаудан қайталап өтпей, қайта тіркелуі тиіс.

52. Пестицидтерді қайта тіркеу үшін тіркелуші (өтінім беруші) портал арқылы электронды түрде мынадай құжаттарды береді:

1) осы Қағидаларға 16-қосымшаға сәйкес нысан бойынша пестицидті қайта тіркеуге электрондық өтінім;

2) пестицидтерге бұрын берілген тіркеу куәлігінің түпнұсқасы;

3) осы Қағидаларға 11-қосымшаның 8-тармағы 5-17) тармақшасына сәйкес бұрын берілмеген пестицидтер туралы жаңа құжаттар.

53. Пестицидті қайта тіркеуге арналған өтінімді және тиісті құжаттарды тіркелуші (өтінім беруші) оның мемлекеттік тіркеу мерзімі өткенге дейін ұсынады.

Ведомство пестицидті қайта тіркеуге арналған өтінімді қарауды, пестицидті қайта тіркеуді уәкілетті мемлекеттік органдармен келісуді, пестицидке тіркеу куәлігін беруге шешім қабылдауды және рәсімдеуді осы Қағидаларда белгіленген тиісті құжаттармен пестицидті қайта тіркеуге арналған тіркелуші (өтінім беруші) өтінімді ұсынған күннен бастап 18 (он сегіз) жұмыс күнінен кешіктірмей жүзеге асырады.

Ведомство қайта тіркеуден өткен пестицидтерді пестицидтер тізіміне және (немесе) оның толықтыруларының тізіміне тиісті бұйрықпен енгізеді, бұл туралы ақпарат Министрліктің интернет-ресурсында орналастырылады.

Тіркелушінің (өтінім берушінің) пестицидті мемлекеттік тіркеу мерзімі аяқталғаннан кейін берген пестицидті қайта тіркеуге арналған өтінімін және тіркеу дерекнамасын Ведомство қабылдамайды.

54. Пестицидтер мынадай жағдайларда қайта тіркеуге жатпайды:

1) уәкілетті мемлекеттік органдар растаған, олардың адамдардың денсаулығына, жануарларға немесе қоршаған ортаға қауіптілігі туралы бұрын белгісіз жаңа деректердің алынуы;

2) пестицидтің Қазақстан Республикасы ратификациялаған конвенциялардың тізбесіне енгізілуі;

3) ресми тиісті актімен ресімделген, оны мемлекеттік тіркеу кезінде ауыл шаруашылығы өндірісінде пайдаланылатын пестицидтің белгіленгеннен нормасынан төмен шығыс нормасының биологиялық тиімділігі туралы деректердің алынуы;

4) пестицидтің химиялық құрамы, рецептурасы және өндіру (формуляциялау) технологиясының өзгеруі.

55. Тіркелуші (өтінім беруші) пестицидтің химиялық құрамындағы, рецептурасындағы және өндіру (формуляциялау) технологиясындағы барлық өзгерістер, сондай-ақ оның қауіптілігі туралы жаңа деректер пайда болғаны туралы ақпарат ұсынады.

56. Тіркелуші (өтінім беруші) ауысқан немесе тіркелушінің (өтінім берушінің) атауы өзгерген кезде тіркелуші (өтінім беруші) Ведомствоға бұл туралы жазбаша хабарлайды және мынадай құжаттарды қоса береді:

1) тіркелушінің (өтінім берушінің) атынан тіркелушінің ауысқаны немесе тіркелушінің (өтінім берушінің) атауы өзгергені туралы хатты, сондай-ақ пестицидті мемлекеттік тіркеу құқықтарын жаңа тіркелушіге (өтінім берушіге) беруді немесе тіркелушінің (өтінім берушінің) қайта ұйымдастырылуын растайтын құжаттар (салыстырып тексеру үшін түпнұсқалары болмаған жағдайда нотариалды куәландырылған көшірмелері);

2) жаңа тіркелушінің (өтінім берушінің) атынан пестицидті мемлекеттік тіркеу құқықтарын алғанын және пестицидтің саудалық атауының, әсер етуші затты өндіруші

мен пестицидтің препараттық нысанын өндірушінің сақталғанын, пестицидті қолдану (пайдалану) регламенттерін растаған хат;

3) пестицидке бұрын берілген тіркеу куәлігінің түпнұсқасы;

4) осы Қағидаларға 11-қосымшаның 8-тармағында көрсетілген, жаңа тіркелушінің (өтінім берушінің) атынан ресімделген құжаттар;

5) заңды тұлғаны мемлекеттік тіркеу туралы куәлік* немесе анықтама - заңды тұлғалар үшін (Қазақстан Республикасының резиденттері емес тіркелушілер (өтінім берушілер) үшін салыстырып тексеру үшін түпнұсқасы болмаған жағдайда нотариалды куәландырылған көшірмесі).

Тіркелушінің (өтінім берушінің) атауы өзгерген кезде тіркелуші (өтінім беруші) Ведомствоға бұл туралы жазбаша хабарлайды және мынадай құжаттарды қоса береді:

1) пестицидтің саудалық атауын, әсер етуші затты өндірушіні және пестицидтің препараттық нысанын өндірушіні, қолдану (пайдалану) регламенттерін сақтай отырып тіркелушінің (өтінім берушінің) атынан тіркелушінің (өтінім берушінің) атауы өзгергені туралы хат, сондай-ақ тіркелушінің (өтінім берушінің) атауы өзгергенін растайтын құжаттар (салыстырып тексеру үшін түпнұсқалары болмаған жағдайда, нотариалды куәландырылған көшірмелер);

2) пестицидке бұрын берілген тіркеу куәлігінің түпнұсқасы;

3) заңды тұлғаны мемлекеттік тіркеу туралы куәлік* немесе анықтама - заңды тұлғалар үшін (Қазақстан Республикасының резиденттері емес тіркелушілер (өтінім берушілер) үшін салыстырып тексеру үшін түпнұсқасы болмаған жағдайда, нотариалды куәландырылған көшірмесі).

Ескертпе: *"Қазақстан Республикасының кейбір заңнамалық актілеріне заңды тұлғаларды мемлекеттік тіркеу және филиалдар мен өкілдіктерді есептік тіркеу мәселелері бойынша өзгерістер мен толықтырулар енгізу туралы" 2012 жылғы 24 желтоқсандағы Қазақстан Республикасының Заңы қолданысқа енгізілгенге дейін берілген заңды тұлғаны (филиалды, өкілдікті) мемлекеттік (есептік) тіркеу (қайта тіркеу) туралы куәлік заңды тұлғаның қызметі тоқтатылғанға дейін жарамды болып табылады.

Ведомство тіркелушінің (өтінім берушінің) (Қазақстан Республикасы резидентінің) мемлекеттік қайта тіркелуі туралы мәліметтерді "электрондық үкіметтің" шлюзі арқылы тиісті мемлекеттік ақпараттық жүйелерден алады.

Ведомство ұсынылған құжаттарды қарастырғаннан кейін пестицидке бұрын берілген тіркеу куәлігінің күшін жою және қолданылу мерзімі мен жаңа тіркелуші (өтінім беруші), пестицидтің саудалық атауы, оның әсер етуші заты, пестицидті қолдану регламенттері туралы ақпаратты, сондай-ақ жаңа тіркеу нөмірі мен жаңа ресімдеу күнін бере отырып пестицидті өндіруші туралы ақпаратты көрсете отырып, оны жаңа тіркеу

куәлігімен ауыстыру туралы шешім қабылдайды, пестицидтер тізіміне және оның толықтырулары тізіміне өзгерістер енгізеді және бұл туралы ақпаратты Министрліктің интернет-ресурсында орналастырады.

Осы Қағидалардың 56-тармағында көрсетілген құжаттарды қарастыруды, шешім қабылдауды, пестицидке жаңа тіркеу куәлігін ресімдеуді және беруді Ведомство олар ұсынылған күнінен бастап 30 (отыз) жұмыс күнінен кешіктірмей жүзеге асырады.

Бұл ретте пестицидті мемлекеттік тіркеу мерзімі сақталады, пестицидтің жаңа ұсақмөлдекті және өндірістік сынақтары жүргізілмейді.

Тіркелуші (өтінім беруші) осы тармақта көрсетілген құжаттардың толық топтамасын ұсынбаған жағдайда, Ведомство 10 (он) жұмыс күні ішінде тіркелушіге (өтінім берушіге) анықталған сәйкессіздік туралы хабарлама жолдайды.

57. Пестицидті мемлекеттік тіркеу немесе қайта тіркеу жүргізілгеннен кейін:

1) пестицидтің саудалық атауын өзгертуге;

2) тіркелушінің (өтінім берушінің) пестицидтің қалдық мөлшеріне ұсақмөлдекті және өндірістік сынақтарды және токсикологиялық бағалау жүргізбестен сол бір пестицидті бірнеше (әр түрлі) саудалық атаумен қосымша мемлекеттік тіркеуіне немесе қайта тіркеуіне жол берілмейді.

58. Ведомствоның мемлекеттік қызметтер көрсету мәселелері бойынша шешіміне, әрекетіне (әрекетсіздігіне) шағым Ведомство немесе Министрліктің, мемлекеттік басқару және бақылау және қадағалау функцияларын жүзеге асыратын уәкілетті орган басшысының атына, Қазақстан Республикасының заңнамасына сәйкес мемлекеттік қызметтер көрсету сапасын бағалау және бақылау жөніндегі уәкілетті органға берілуі мүмкін.

Тікелей мемлекеттік қызмет көрсететін мемлекеттік органның атына келіп түскен тіркелушінің (өтінім берушінің) шағымы мемлекеттік көрсетілетін қызметтер туралы Заңның 25-бабы 2) тармақшасына сәйкес тіркелген күнінен бастап 5 (бес) жұмыс күні ішінде қаралуы тиіс.

Мемлекеттік қызметтер көрсету сапасын бағалау және бақылау жөніндегі уәкілетті органның атына келіп түскен тіркелушінің (өтінім берушінің) шағымы тіркелген күнінен бастап 15 (он бес) жұмыс күні ішінде қаралуы тиіс.

Мемлекеттік қызмет көрсету нәтижелерімен келіспеген жағдайда, тіркелуші (өтінім беруші) Қазақстан Республикасының заңнамасында белгіленген тәртіппен сотқа жүгінеді.

Пестицидтерді тіркеу
(ұсақмөлдекті және өндірістік)
сынақтарынан өткізу және
мемлекеттік тіркеу
қағидаларына
1-қосымша
Нысан

Пестицидтерді мемлекеттік тіркеуді есепке алу журналы

Пестицидтің саудалық атауы	Тіркелушінің (өтінім берушінің) атауы	Пестицидті өндірушінің атауы	Пестицидтің мемлекеттік тіркеу нөмірі	Пестицидті мемлекеттік тіркеу немесе қайта тіркеу күні	Пестицидті мемлекеттік тіркеудің немесе қайта тіркеудің аяқталған күні
1	2	3	4	5	6

(лауазымы, қолы) _____ (аты, әкесінің аты (бар болса), тегі)

Мөрдiң орны _____

(күні)

Пестицидтерді тіркеу
(ұсақмөлдекті және өндірістік)
сынақтарынан өткізу және
мемлекеттік тіркеу
қағидаларына
2-қосымша
Нысан

Пестицидті тіркеу (ұсақмөлдекті) сынақтарынан өткізуге арналған өтінім

_____ (тіркелушінің (өтінім берушінің) фирмалық бланкілерінде ұсынылады және тіркелушінің (өтінім берушінің) қолымен және мөрімен куәландырылады)
Тіркелуші (өтінім беруші)

_____ (жеке немесе заңды тұлғаның атауы)

_____ (мемлекет, мекенжайы, телефоны, факсы, e-mail)

Пестицидтердің мемлекеттік тіркеуін жүргізу үшін Қазақстан Республикасында тіркеу (ұсақмөлдекті) сынақтарынан өткізу жоспарына қолдану регламенттері бар мынадай пестицидтерді қосуды сұраймын (кесте пестицидтің түріне байланысты толтырылады):

Инсектицидтер, фунгицидтер және гербицидтер үшін

Пестицидтің саудалық атауы, препараттық нысаны, әсер етуші затының құрамы, әсер етуші затты	Пестицидтің шығыс нормасы (литр/гектарға килограмм/	Дақыл, өңделетін объект	Зиянды организм	Өңдеу тәсілі,	Соңғы өңдеу мерзімі, егін жиналғанға дейін күндермен, ең
---	---	-------------------------	-----------------	---------------	--

өндіруші, препараттық нысанды өндіруші	гектарға, литр/тоннаға, килограмм/тоннаға)			уақыты, шектеулер	көп өңдеу еселігі ()
1	2	3	4	5	6

Тұқымдарды, биологиялық препараттарды, родентицидтерді егу алдында өңдеуге арналған препараттар үшін. Ауыл шаруашылығы тауарын өндірушілердің қоймалық үй-жайларында запастардың зиянкестеріне қарсы қолдануға рұқсат етілген препараттар үшін, сондай-ақ нан өнімдері жүйесіндегі кәсіпорындарда запастардың зиянкестеріне қарсы қолдануға рұқсат етілген препараттар үшін

Пестицидтің саудалық атауы, препараттық нысаны, әсер етуші заттың құрамы, әсер етуші затты өндіруші, препараттық нысанды өндіруші	Препараттың шығыс нормасы (литр/тоннаға, килограмм/тоннаға)	Дақыл, өңделетін объект	Зиянды организм	Өңдеу тәсілі, уақыты, шектеулер
1	2	3	4	5

Дефиолианттар және десиканттар, өсімдіктердің өсуін реттеуіштер үшін

Пестицидтің саудалық атауы, препараттық нысаны, әсер етуші заттың құрамы, әсер етуші затты өндіруші, препараттық нысанды өндіруші	Препараттың шығыс нормасы (литр/гектарға килограмм/гектарға)	Дақыл	Өңдеу тәсілі, уақыты, шектеулер	Соңғы өңдеу мерзімі, егін жиналғанға дейін күндермен, ең көп өңдеу еселігі ()
1	2	3	4	5

Ақпараттық жүйелерде қамтылған, заңмен қорғалатын құпияны құрайтын мәліметтерді

пайдалануға келісім/келіспеймін (қажеттісінің астын сызу керек) _____ 20 ____
 _____ ЖЫЛҒЫ " _____ " _____
 (КОЛЫ)

 (лауазымы, қолы)

 (аты, әкесінің аты (бар болса), тегі)

Пестицидтерді тіркеу
 (ұсақмөлдекті және өндірістік)
 сынақтарынан өткізу және
 мемлекеттік тіркеу
 қағидаларына
 3-қосымша
 Нысан

Пестицидке арналған қысқаша дерекнама

 (заңды немесе жеке тұлғаның - тіркелушінің (өтінім берушінің) атауы,

заңды мекенжайы, нақты мекенжайы, телефоны, факсы, e-mail)

(пестицидтің атауы)

1. Негізгі мәліметтер

1. Пестицидтің атауы

2. Өндіруші (атауы, заңды мекенжайы, нақты мекенжайы, телефоны, факсы, e-mail)

3. Пестицидтің мақсаты

4. Әсер етуші зат

5. Әсер етуші заттың химиялық сыныбы

6. Әсер етуші заттың концентрациясы (грамм/литрге немесе грамм/ килограммға)

7. Пестицидтің препараттық нысаны

8. Пестицидтерге арналған қауіпсіздік паспорты.

9. Қазақстан Республикасының және Еуразиялық экономикалық одақ мемлекеттерінің аумағында өндірілетін (формуляцияланатын) пестицидке арналған нормативтік және/немесе техникалық құжаттама.

10. Пестицидті өндірушінің оны тіркеуге ұсынуға рұқсаты (егер тіркелуші өндірушінің өзі болмаса).

11. Тіркелушіге пестицид өндірушінің атынан өкілдік етуіне рұқсат (микробиологиялық препараттар үшін)

12. Пестицидті басқа елдерде тіркеу (тіркеу куәлігінің нөмірі, берілген күні, пестицидті қолдану аясы мен регламенттері).

2. Пестицидтің биологиялық тиімділігін, қауіпсіздігін бағалау жөніндегі мәліметтер

:

1. қолдану аясы

2. пестицидтің қолданылатын саласы:

1) дақылдар;

2) зиянды объектілер (латынша атауларымен) немесе мақсаты.

3. Ұсынылатын қолдану регламенттері:

1) өңдеулер жүргізу мерзімі;

2) қорғалатын дақылдардың даму фазасы;

3) зиянды организмнің даму фазасы (сатысы);

4) өңдеулер еселігі;

5) өңдеулер арасындағы аралық.

4. Пестицидтің ұсынылатын шығыс нормасы және оны қолдану тәсілі.

5. Ұсынылатын күту мерзімі (өнімді жинағанға дейінгі күндермен).

6. Зиянды организмдерге әсер ету түрі (тетігі):

1) жүйелі;

2) жанаспалы;

- 3) өзге.
7. Қорғау әрекетінің кезеңі
8. Селективтілігі
9. Әсер ету жылдамдығы
10. Басқа препараттармен үйлесімдігі
11. Биологиялық тиімділігі:
 - 1) зертханалық және вегетациялық тәжірибелері;
 - 2) танаптық тәжірибелер.
12. Қорғалатын дақылдардың фитоуыттылығы, төзімділігі
13. Резистенттіліктің туындау мүмкіндігі
14. Дақылдардың ауыспалы егісте ауысу мүмкіндігі
15. Басқа елдердегі пестицидтің биологиялық тиімділігін және қауіпсіздігін бағалау нәтижелері:
 - 1) ел;
 - 2) қорғалатын дақыл;
 - 3) зиянды организм.
16. Басқа елдерде пестицидтің қалдық мөлшерлерін анықтау нәтижелері.
17. Пестицид препаратының қорғалатын агроценоздың пайдалы энтомофаунасына әсері.
 3. Пестицидтің физикалық-химиялық қасиеттері
 - 3.1. Пестицидтің әсер етуші затының физикалық-химиялық қасиеттері:
 - 1) әсер етуші зат;
 - 2) құрылымдық формуласы (оптикалық изомерлері көрсетілсін);
 - 3) эмпириялық формуласы;
 - 4) молекулалық массасы;
 - 5) агрегаттық күйі;
 - 6) түсі, исі;
 - 7) 200 С және 400 С кезіндегі бу қысымы;
 - 8) суда ерігіштігі;
 - 9) органикалық ерітінділерде ерігіштігі;
 - 10) n-октонол/су бөліну коэффициенті;
 - 11) балқу температурасы;
 - 12) қайнау және қату температурасы;
 - 3) жалындау және тұтану температурасы;
 - 14) 200 С кезінде су ерітінділерінде (рН 5, 7, 9) тұрақтылығы;
 - 15) тығыздығы (заттың газ күйінде болған жағдайдағы 00С және 760 сынап бағанасындағы мм. тығыздық көрсетілсін).
 - 3.2. Техникалық өнімнің физикалық-химиялық қасиеттері:
 - 1) техникалық өнімнің тазалығы, қоспалардың сандық және сапалық құрамы;

- 2) агрегаттық күйі;
- 3) иісі, түсі;
- 4) балқу температурасы;
- 5) жалындау және тұтану температурасы;

б) тығыздығы (зат газ күйінде болған жағдайда, 00 С және 760 сынап бағанасындағы мм. тығыздық көрсетілсін);

7) термо және фототұрақтылығы;

8) техникалық өнімнің тазалығын анықтауға арналған, сондай-ақ өнімнің құрамын, изомерлерді, қоспаларды анықтауға мүмкіндік беретін талдау әдісі.

3.3. Пестицидтің препараттық нысанының физикалық-химиялық қасиеттері:

- 1) агрегаттық күйі;
- 2) иісі, түсі;
- 3) сулы эмульсияның немесе суспензияның тұрақтылығы;
- 4) рН;
- 5) ылғал құрамы (%);
- 6) тұтқырлығы;
- 7) шашыраңқылығы;
- 8) тығыздығы;
- 9) бөлшектер (ұнтақ, түйіршік және басқалар) мөлшері;
- 10) дымқылданғыштығы;
- 11) тұтану температурасы;
- 12) кристалдану температурасы, аязға төзімділігі;
- 13) ұшқырлығы;
- 14) нығыздалу туралы деректер;
- 15) коррозиялық қасиеттері;
- 16) қоспалардың сандық және сапалық құрамы;
- 17) сақтау кезіндегі тұрақтылығы.

3.4. Пестицидтің құрамы:

- 1) әр құрамдық бөлігі үшін химиялық атауы;
- 2) препараттық нысанындағы құрамдық бөліктердің функционалдық мәні және олардың құрамы.

4. Микробиологиялық пестицидтер. Белсенді ингредиент пен препараттық нысанның (микроорганизмдердің тіршілік әрекеті өнімдері негізіндегі бактериялық, саңырауқұлақты, вирустық, микроспороидалық препараттардың) қасиеттері және құрамы туралы мәліметтер.

4.1. Штамм-продуценттің қасиеттері:

- 1) микроорганизмнің түр атауы (латынша атауы);
- 2) штамның (изоляттың) нөмірі немесе атауы;
- 3) штамды бөлу көзі;

- 4) дақылдық-морфологиялық және биохимиялық қасиеттері, идентификациялау тестілері мен өлшемшарттары (сондай-ақ сәйкестендіруді жүргізген ұйым көрсетілсін);
 - 5) зиянды объектіге қатысты патогенділік немесе антогонизм;
 - 6) бұл түрдің қолда бар штамдардан (оның ішінде шетелде) айырмашылығы;
 - 7) микроорганизмдердің сол түрінің басқа штамдары жасушаларын ыдырататын фактарға қатынасы;
 - 8) штамды сақтау тәсілі, шарттары және сақтау орталарының құрамы;
 - 9) микроорганизмдерді көбейту тәсілі, шарттары және көбею ортасының құрамы.
- Вирустар мен микроспоридиялар үшін өсіруге арналған өзіне тән шикізаттың сипаттамасы көрсетіледі;
- 10) қоршаған ортаның микробтық қауымдастықтарында және биоматериалдарда микроорганизмді табу тәсілі;
 - 11) штаммен синтезделетін өнім (химиялық құрамы, құрылымдық формуласы, тұрақтылығы, қалдықтарды анықтау әдісі);
 - 12) нысаналы объектіге әсер ету тетігі.

4.2. Пестицидтің препараттық нысанының сипаттамасы

- 1) пестицидтің құрамы: әсер ете бастаудың (тірі жасушалардың немесе олардың тіршілік әрекеті өнімінің титрі, вирустық түйіршіктердің, қосындылардың титрі), қосалқы заттардың құрамы және олардың мақсаты;
- 2) агрегаттық күйі;
- 3) дымқылданғыштығы;
- 4) ылғал құрамы;
- 5) бөгде микрофлораның құрамы;
- 6) әсер ете бастауды айқындау әдісі;
- 7) сақтау шарттары мен мерзімдері;
- 8) жұмыс ерітінділерін әзірлеу тәсілі;
- 9) басқа пестицидтермен және агрохимикаттармен үйлесімділігі.

5. Пестицидтің токсикологиялық-гигиеналық сипаттамасы.

5.1. Әсер етуші заттың (техникалық өнімнің) токсикологиялық сипаттамасы:

- 1) жіті пероральдық уыттылығы (егеуқұйрықтар; егер созылмалы уыттылық жануардың бір түрінде болса - егеуқұйрықта, тышқанда). ҚМ50 (милиграмм/килограмм дене массасына);
- 2) жіті терілік уыттылығы. ҚМ50 (миллиграмм/килограмм дене массасына);
- 3) жіті ингаляциялық уыттылығы (динамикалық әрекет ету жағдайында). ҚМ50 (миллиграмм/метр 3);
- 4) барлық түсу жолдары кезіндегі жіті интоксикацияның клиникалық белгілері (пероральдық, дермальдық, ингаляциялық);
- 5) теріге және шырышты қабықтарға тітіркендіру әсері;

6) тауықтарға баяу нейроуытты әсер (фосфорорганикалық пестицидтер үшін міндетті түрде, басқалар үшін - қажет болса);

7) жітілеу пероральдық уыттылығы (дене массасына милиграмм/килограмм немесе шоғырлану коэффициенті);

8) жітілеу тері сыртындағы уыттылығы (қажет болса) (миллиграмм/килограмм дене массасына);

9) жітілеу ингаляциялық уыттылығы (қажет болса) (миллиграмм/метр³);

10) сезімталдық әсері, иммуноуыттылығы;

11) созылмалы уыттылығы (әсер етпейтін деңгей) (дене массасына милиграмм/килограмм);

12) онкогендігі.

Сыналатын агентті кеміргіштердің екі түріне (тышқандар, егеуқұйрықтар) 24 ай бойы егеуқұйрықтарға және 18 немесе 24 ай бойы тышқандарға енгізу арқылы (енгізу жолы көрсетіледі), өміршеңдігі бойынша (кестелер) материалдар мен мыналарды қамтитын кестелерді (тәжірибелі және бақылау топтары бойынша, еркектері мен ұрғашыларын бөлек) ұсына отырып, айқындалатын онкогендік:

тиімді сан (барлық эксперименттегі алғашқы ісік табылғанға дейін тірі қалған жануарлар саны). Әртүрлі оқшаулаудағы алғашқы ісіктер табылған жағдайда, көп айырмашылық болса (6 ай немесе одан көп) тиімді сандар ерте және кеш анықталған ісіктерге бөлек беріледі;

ісіктердің барлық типтері бар жануарлар саны, қатерлі ісіктері бар жануарлар саны, екі және одан көп ісіктері бар жануарлар саны;

ісіктері метастазданған жануарлар саны;

ісіктердің түрі мен санын көрсете отырып, жекелеген органдарында ісіктері бар жануарлар саны;

эксперименталдық және тарихи бақылау жөніндегі деректер;

онкогендік жөніндегі деректер (милиграмм/килограмм дене массасына);

13) тератогенділік және эмбриоуыттылық (ене мен ұрық үшін әсер етудің әсер етпейтін деңгейі, мг/кг дене массасына);

14) "екі ұрпақ" әдісі бойынша репродуктивтік функциясы (ата-аналары (аналары, әкелері) мен ұрпақ үшін әсер етпейтін әсер ету деңгейі, милиграмм/килограмм дене массасына);

15) мутагенділік:

Микросоманың Эймс Сальмонелла тесті (гендік мутацияларды есепке алу); хаттамаға мынадай мәліметтер енгізіледі: тестерлік микроорганизмдердің түрі мен штамдары, эксперименттің схемасы, зерттелетін заттар мен позитивті бақылаулар концентрациясы (дозасы), метаболдық белсендіру жүйесі, алынған бастапқы нәтижелер және оларды статистикалық өңдеу.

Сүтқоректілердің сүйек миы жасушаларындағы цитогенетикалық зерттеулер (инвиво) (хромосомдық аберрацияларды және (немесе) микроядроларды есепке алу): хаттамаға мынадай мәліметтер енгізіледі: жануарлардың түрі, тобы, жынысы, эксперимент схемасы, зерттеліп жатқан заттардың және позитивті бақылаудың дозасы, енгізу жолы, ұзақтығы және еселігі, микроскоптық талдаудың бастапқы алынған нәтижелері және оларды статистикалық өңдеу.

Дезоксирибонуклеинді қышқылмен (бұдан әрі - ДНК) зақымдануын бағалау (кез келген жақсы верификацияланған және жалпы қабылданған тәсілмен): хаттамаға мынадай мәліметтер енгізіледі: зерттеу схемасы, жануарлардың түрі, тобы, жынысы немесе жасушалар немесе ұлпалар дақылдарының штамдары, эксперимент схемасы, бастапқы алынған талдау нәтижелері және оларды статистикалық өңдеу.

Адамның перифериялық қаны лимфоциттеріндегі (хромосомдық аберрацияларды есепке алу) цитогенетикалық зерттеулер инвитро: хаттамаға мынадай мәліметтер енгізіледі: зерттеу схемасы, зерттелетін заттар мен позитивті бақылаулар концентрациясы (дозасы), метаболдық белсендіру жүйесі, микроскоптық талдаудың бастапқы алынған нәтижелері және оларды статистикалық өңдеу.

Индукцияны кешенді бағалауға зерттелетін препаратпен гендік, хромосомдық мутацияларды және стандартты халықаралық хаттамаларға сәйкес келетін ДНК өзге де әдістерді (тестілерді) енгізуге жол беріледі.

16) сүтқоректілер оргаизміндегі метаболизм, негізгі метаболиттер, олардың уыттылығы, токсикокинетика және қажет болса, токсикодинамика. Азықтық дақылдарда және мал шаруашылығында пайданылатын препараттар үшін емізетін жануарлардағы экреция бойынша деректер (ішкі мүшелер мен бұлшық еттерде жинау, шығару жолы, сүтпен шығу мүмкіндігі, негізгі метаболиттер көрсетілсін);

17) қоршаған орта объектілеріндегі, оның ішінде ауыл шаруашылығы өсімдіктеріндегі тұрақтылығы және метаболизмі (Т50 және Т50);

18) зиянды әсерді шектеуші көрсеткіш;

19) жол берілетін тәуліктік доза (бұдан әрі - ЖТД);

20) тамақ өнімдері мен қоршаған орта объектілеріндегі гигиеналық нормативтер немесе нормалау орынсыздығының ғылыми негіздемесі (негіздеме бойынша материалдар ұсыну):

пестицидтің тамақ өнімдері мен ауыл шаруашылығы шикізатында ең жоғары жол берілген деңгейі (бұдан әрі - ЖЖД);

Су айдындары суларындағы ШкЖК.

Су айдындарының суларына гигиеналық норматив әзірлеу кезінде бірыңғай әдістемелік тәсілдерді пайдалана отырып, жүргізген жағдайда, пестицидтің балық шаруашылығы бағалауын жүргізетін ғылыми-зерттеу мекемелерінен алынған пестицидтің судың химиялық құрамына және су ортасының өзін-өзі тазалау процестеріне әсер етуін бағалау жөніндегі деректер қабылданады;

атмосфералық ауадағы ШкЖК (Қазақстан Республикасының және Еуразиялық экономикалық одақ елдерінің аумағында өндірілетін (формуляцияланатын) пестицид үшін);

пестицидтің атмосфералық ауадағы шамаланған қауіпсіз әсер ету деңгейі (бұдан әрі - ШҚӘД) (қажет болса);

жұмыс аймағындағы ауадағы ШкЖК (Қазақстан Республикасының және Еуразиялық экономикалық одақ елдерінің аумағында өндірілетін (формуляцияланатын) пестицидтер үшін және айқын ингаляциялық қауіп бар импортталатын пестицидтер үшін);

жұмыс аймағындағы ауадағы ШҚӘД (қалған пестицидтер үшін);

топырақ үшін ШкЖК (шектес орталарға жылыстауға айқын қабілеттілігі бар тұрақты пестицидтер үшін);

топырақтағы қалған пестицидтер үшін шамаланған жол берілген концентрация (бұдан әрі - ШМЖК).

Топырақ үшін гигиеналық норматив әзірлеу кезінде бірыңғай әдістемелік тәсілдемелерді пайдалана отырып, жүргізген жағдайда пестицидтерді экологиялық бағалауды жүргізетін ғылыми-зерттеу мекемесінен алынған топырақтағы беталысын зерттеу жөніндегі деректер қабылдана алады.

21) тамақ өнімдерінде, ауыл шаруашылығы өнімдерінде, қоршаған орта объектілерінде және биологиялық ортада пестицидтердің қалдық мөлшерін (қажет болса метаболиттерді) анықтау жөніндегі әдістемелік нұсқаулар:

ауыл шаруашылығы өніміндегі (оны өңдеу өнімдерінде) және басқа өсімдік объектілеріндегі пестицидтердің (қажет болса метаболиттердің) қалдық мөлшерін анықтау жөніндегі әдістемелік нұсқаулар;

топырақтағы пестицидтердің (қажет болса метаболиттердің) қалдық мөлшерін анықтау жөніндегі әдістемелік нұсқаулар;

судағы пестицидтердің (қажет болса метаболиттердің) қалдық мөлшерін анықтау жөніндегі әдістемелік нұсқаулар;

ауадағы пестицидтердің (қажет болса метаболиттердің) концентрациясын анықтау жөніндегі әдістемелік нұсқаулар;

биологиялық орталардағы пестицидтердің (қажет болса метаболиттердің) қалдық мөлшерін анықтау жөніндегі әдістемелік нұсқаулар.

22) пестицидтің қауіптілігін бағалау - Біріккен Ұлттар Ұйымының Азық-түлік және ауыл шаруашылығы ұйымының, Дүниежүзілік денсаулық сақтау ұйымының, Еуропалық одақтың сарапшылар тобының отырысында қаралатын деректер.

5.2. Пестицидтің препараттық нысанының токсикологиялық сипаттамасы:

1) жіті пероральдық уыттылығы (егеуқұйрықтар). ҚМ50 (милиграмм/килограмм дене массасына);

2) жіті терілік уыттылығы. ҚМ50 (милиграмм/килограмм дене массасына);

- 3) жіті ингаляциялық уыттылығы (егеуқұйрықтар). ҚМ50 (миллиграмм/метр³);
- 4) барлық түсу жолдары кезіндегі күшті интоксикацияның клиникалық белгілері (пероральдық, дермальдық, ингаляциялық);
- 5) теріге және шырышты қабықтарға түршіктендіру әсері;
- 6) Қазақстан Республикасының және Кеден одағы елдерінің аумағында өндірілетін (формуляцияланатын) пестицидтер үшін жітілеу пероральдық уыттылық (шоғырлану қасиеттері, шоғырлану коэффициенті);
- 7) сезімталдық әсері;
- 8) препаративтік нысан компоненттерінің (толықтырғыштар, эмульгаторлар, тұрақтандырғыштар, еріткіштер) токсикологиялық сипаттамасы.

Пестицидтің құрамында әсер етуші затқа қарағанда улы әсерін едәуір күшейтуге қабілетті уыттылығы күшті заттар болған жағдайда, пестицидтің препаративтік нысанын токсикологиялық бағалау жөніндегі деректер әсер етуші заттың және препаративтік нысан компоненттерінің қасиеттерін, сондай-ақ метаболизмді ескере отырып, кеңейтілуі мүмкін.

6. Пестицидті өндіру мен қолдануды гигиеналық бағалау

6.1. Пестицидтің халыққа әсерінің нақты қаупін (қатерін) гигиеналық бағалау:

1) пестицидті қолдану кезінде алынған тамақ өнімдерінің халыққа қауіптілігін бағалау:

зерттелетін объектілердегі пестицидтің әсер етуші затының қалдық мөлшерінің болуы ұсынылатын шығыс нормалары мен өңдеулер еселігі ең жоғары шамада болғанда зерттеледі;

тұқымды себу алдында өңдеу үшін, себуге дейін, сеуіп болғаннан кейін дереу, гүлденуге (жеміс-жидек дақылының) дейін, өсіп-өніп жатқан өсімдіктерде (егер соңғы өңдеу егін жинауға дейін 60 күн бұрын жүргізілсе) қолданылатын пестицидтер үшін пестицидтердің әсер етуші заттарының қалдық мөлшерлері дақыл өнімінің элементерінде ғана анықталады;

азықтық дақылдарда немесе көк шөбі тікелей мал азығына пайдаланылуы мүмкін дақылдарда, ашық және жабық (маусымда бірнеше рет жиналатын) топырақтағы көкөніс және жасыл дақылдарда қолдануға ұсынылған пестицидтер үшін күту мерзімін анықтау мақсатында соңғы өңдеу мерзіміне қарай әсер етуші заттардың ыдырау динамикасы міндетті түрде зерттеледі;

аналықтарда, тұқымдықтарда, көшеттіктерде, шикізаты жекелеген заттарды алуға жұмсалатын дәрілік, эфирмайлы дақылдарда, өңдеу аяқталған соң бір жылдан кейін жиналатын дәрілік, эфирмайлы дақылдарда, сәндік дақылдарда қолданылатын пестицидтер үшін әсер етуші заттардың қалдық мөлшерін зерттеу қажет етілмейді;

ауыл шаруашылығына пайдаланылмайтын жерлерде (орман шаруашылығында, темір және тас жолдардың қарауына алынған жерлерде және тағы сол сияқты) қолданылатын пестицидтер үшін өңделген алқаптарға халықтың қауіпсіз шығу

мерзімдерін негіздеу мақсатында жабайы өсімдіктер өнімінде (саңырауқұлақтар, жидектер және т.с.с) әсер етуші заттардың қалдық мөлшерін зерттеу қажет;

пестицидтерді қолданып өсірілген өсімдік тектес ауыл шаруашылығы өнімінің органолептикалық қасиеттері мен тағамдық құндылығын анықтау жөніндегі зерттеулер ең көп пестицидтік жүктемесі (шығыс нормасы, өңдеу еселігі) бар және тікелей тамаққа пайдаланылатын өнімдер тобы өкілінің біреуі бойынша (жемістер, жидектер, жүзімдер, бақша дақылдары, картоп) жүзеге асырылады. Өңделетін өнімдерде (өсімдік майы, шырындар) аталған зерттеулер пестицидтердің әсер етуші заттарының қалдық мөлшері өңделіп жатқан шикізатта (тұқым, жеміс, жидек) болғанда жүргізіледі;

2) пестицидтің сумен түскен кездегі қаупін (қатерін) бағалау.

Шығыс нормасы мен өңдеу еселігі ең жоғары шамада болған кезде (қолданыстағы әдістемелік құжаттарға сәйкес) табиғи жағдайда жерүсті және жерасты су көздері суының ластану деңгейін зерделеу немесе бұл зерттеулерді жүргізу орынсыздығын негіздеу;

3) атмосфералық ауа ластануының халық үшін қауіптілігін бағалау әдеттегідей ең жоғары шығыс нормаларын ескере отырып, пестицидтерді қолдану кезінде еңбек шарттарын гигиеналық бағалау жөнінде зерттеулер жүргізумен бір мезгілде жүзеге асырылады. Бұл ретте пестицидтердің әсер етуші заттарын санитариялық-қорғау аймақтары мен санитариялық ажырату аймақтарының сыртына көшіру өлшемдері белгіленеді;

4) нақты қауіпті (тәуекелді) бағалау - пестицидтердің өніммен, ауамен және сумен жалпы түсуін есептеу жолымен пестицидтердің халыққа кешенді әсерін бағалау.

Қауіптілігі 1, 2-сыныпты пестицидтер үшін олардың қоршаған орта объектілеріндегі мәніне мониторингтік зерттеулер жүргізілуі мүмкін.

6.2. Пестицидтерді қолдану кезінде жұмыскерлердің еңбек шарттарын гигиеналық бағалау

Зерттеулер пестицидтерді ең жоғары шығыс нормалары кезіндегі қолдану технологиясын ескере отырып, қолданыстағы әдістемелік құжаттарға сәйкес жүргізіледі және операторлар үшін тәуекелді бағалауды, қолмен және механикаландырылған жұмыстарды жүргізуге арналған өңделген алқаптарға қауіпсіз шығу мерзімдерін негіздеуді қамтиды:

1) танаптық дақылдарды қарнақты бүрку кезінде;

2) бақ дақылдарын вентиляторлық бүрку кезінде;

3) дақылдарды авиа әдіспен өңдеу кезінде;

4) дақылдарды жабық топырақ жағдайында өңдеу кезінде;

5) дәрілеу зауыттарында және дәрілеу пункттерінде тұқымды егу алдында өңдеу кезінде;

6) пестицидтермен өңделген тұқымды себу кезінде (препараттың қауіптілік сыныбы, топырақта тұрақтылығы, қолдану саласы ескерілген көрсеткіштері бойынша);

7) фумигациялау кезінде;

8) пестицидтерді басқа технологияларды пайдалана отырып, қолдану кезінде.

Қажет болған жағдайда, көрсетілген зерттеулерді жүргізудің орынсыздығына негіздеме келтіріледі.

Еңбек шарттарын гигиеналық бағалау белгіленген тәртіппен гигиеналық бағалаудан өткен техника мен жабдықтарды пайдалану кезінде ғана жүргізіледі.

6.3. Қазақстан Республикасының аумағында пестицидтер өндірісін (формуляциясын) гигиеналық бағалау техникалық құжаттаманы (ұйым стандарты (техникалық шарттар), техникалық регламенттер) талдауға негізделеді және:

1) барлық технологиялық операцияларда жұмыс орындарын аттестаттай отырып, өндірістік ортаны бағалау жөнінде зертханалық зерттеулер жүргізу;

2) ластағыштарды идентификациялау, жұмыскерлерге кешенді әсер ету қатерін бағалау;

3) жабдықты, материалдарды, аспирация жүйелерін гигиеналық бағалау;

4) жалпы шығарындылар мен жердің бетіндегі концентрацияларды есептеу;

5) өндірістік сарқынды суларды, өндіріс қалдықтарын, ыдыстарды және тағы басқаларды зарарсыздандыру және кәдеге жарату тәсілдерін бағалау арқылы жүзеге асырылады.

6.4. Микробиологиялық пестицидтің препараттық нысанын токсикологиялық бағалау

1) жіті пероральды уыттылығы (тышқандар, егеуқұйрықтар) - ҚМ50;

2) жіті ингаляциялық уыттылығы - ҚМ50;

3) теріге және шырышты қабықтарға тітіркену және сіңіру (қажет болса) әсері;

4) сезіну әсері;

5) шоғырлану қасиеттері (пестицидтер үшін микроорганизмдердің тіршілік әрекетінің өнімдері негізінде);

6) дисбактериотиялық әсері;

7) контаминанттық микрофлораның (вирусты және микроспородиалдық пестицидтер үшін) құрамы және жылықандылар үшін патогендігі жөніндегі деректер;

8) кейіннен болатын әрекеттер (токсиндері бар препараттар үшін): мутагендігі (Эймс тесті), тератогендігі.

6.5. Микробиологиялық пестицидтерді пайдалану мен өндірудің гигиеналық регламенттерін белгілеу:

1) гигиеналық нормалау қажет болған жағдайда, пестицидтің қалдық мөлшерінің серпінін зерделеу;

2) пестицидті ең жоғары шығыс нормалары мен әртүрлі технологияларды ескере отырып, қолдану кезінде еңбек шарттарын гигиеналық бағалау;

3) жабық топырақта еңбек шарттарын зерделеу (ашық топыраққа қарамастан жүргізіледі).

4) қажеттілігін негіздеу және пестицидті өндіру мен қолдану кезінде халықтың және жұмыс істейтіндердің қауіпсіздігін қамтамасыз ететін гигиеналық нормативтерді әзірлеу (қажет болса):

тамақ өнімдерінде МЖД;

су айдындары суларындағы ШкЖК;

жұмыс аймағындағы ауадағы ШкЖК (Қазақстан Республикасының және Кеден одағы елдерінің аумағында өндірілетін (формуляцияланатын) пестицидтер үшін);

атмосфералық ауадағы ШҚӘД және ШкЖК (Қазақстан Республикасының және Еуразиялық экономикалық одағы елдерінің аумағында өндірілетін (формуляцияланатын) пестицидтер үшін);

жұмыс аймағындағы ауадағы ШҚӘД (шетел пестицидтері үшін);

топырақ үшін ШкЖК (өсімдіктерде транслокациялануға және басқа жүйелерге жылыстауға қабілетті орнықты пестицидтер үшін);

қалған пестицидтер үшін топырақтағы ШМЖК.

6.6. Микроорганизмді (бактериялар, саңырауқұлақтар) токсикологиялық бағалау

1) бактериялардың, саңырауқұлақтардың патогендігі (вируленттілігі, уыттылығы, уыттектілігі, таралуы) екі түрлі зертханалық жануарда бір рет құрсаққа, асқазанға енгізу кезінде, жоғарғы тыныс жолдары мен көздің шырышты қабығы арқылы түскен кезде зерттеледі;

2) жоғарғы тыныс жолдары арқылы түскен кезде микроорганизмдердің бір ай ішінде иммундық жүйеге әсері (түршіктіру, аллергендік, иммуноуыттылық, иммуномодульдеулік).

6.7. Микробтық синтез өнімдерін токсикологиялық бағалау:

1) жіті пероральдық уыттылығы (тышқандар, егеуқұйрықтар) - ҚМ50, күшті әсер ету шегі (Қазақстан Республикасының және Кеден одағы елдерінің аумағында өндірілетін (формуляцияланатын) пестицидтер үшін);

2) жіті терілік уыттылығы - ҚМ50;

3) жіті ингаляциялық уыттылығы - ҚМ50. Күшті әсер ету шегі (Қазақстан Республикасының және Кеден одағы елдерінің аумағында өндірілетін (формуляцияланатын) пестицидтер үшін);

4) жіті уланудың клиникалық көріністері;

5) тері мен шырышты қабықтарға тітіркену әсері;

6) жіті пероральдық уыттылығы (шоғырлану қасиеттері), шоғырлану коэффициенті (Ресей аумағында өндірілетін препараттар үшін);

7) жіті терілік уыттылығы;

8) түршіктіру әрекеті, иммуноуыттылығы;

9) созылмалы уыттылығы (шекті және тиімсіз мөлшерлер);

10) онкогендігі (бастапқы жалпылама материалдар - тәжірибе жүргізілетін жануарларда абсолютті өлшемде және тиімді санға қарағанда ісіктер жиілігі, бір

жануарға шаққанда ісіктер саны, барлық оқшаулаулардағы гистологиялық ісік түрлерінің саны мен жиілігі, метастаздануы, жануарлардың өміршеңдігі, онкогендік қатер коэффициенті, алғашқы ісікті анықтау мерзімі, эксперименттік жануарларды эксперименталды және тарихи бақылау мәліметтері және тағы сол сияқты);

11) тератогендігі және эмбриоуыттылығы - жемістегі ауытқушылықтарды және жеміс үшін уыттылығын анықтауға мүмкіндік беретін әдістемелік қатынастарды пайдалана отырып;

12) екі ұрпақ әдісі бойынша репродуктивті уыттылығы және гонадоуыттылығы;

13) мутагендігі:

микросомалдық белсендіру мен белсендірусіз гендік мутацияларға Эймс тесті;

хромосомдық аберрациялар (зертханалық жануарлардағы инвиво);

адамның шеткі қаны лимфоциттеріндегі инвитро, Эймс тестін қоса алғанда үштен кем емес өзге тесттерге жол беріледі;

14) сүтқоректілер организміндегі метаболизм, негізгі метоболиттер, олардың уыттылығы, токсикокинетикасы және қажет болса токсикодинамикасы;

15) уыттылықтың шектеуші көрсеткіші;

16) ЖТД миллиграмм/килограмм адам денесінің салмағы;

17) қосымша ақпарат.

7. Пестицидтің экологиялық сипаттамасы

1) пестицидтің әсер етуші затының экологиялық сипаттамасы (химиялық заттар):

қоршаған ортадағы әрекеті:

топырақтағы әрекеті;

топырақтағы ыдырау жолдары мен жылдамдығы;

топырақтағы аэробты, анаэробты ыдырауы;

зертханалық зерттеулер: аэробты, анаэробты ыдырауы;

